



# ӨРЛЕУ

**Үздіксіз  
білім жаршысы  
Вести непрерывного  
образования**



Республикалық ғылыми-әдістемелік ақпараттық журнал  
Республиканский научно-методический информационный журнал

шілде-тамыз  
қыркүйек 2015  
июль-август  
сентябрь 2015

**3(10)**

# ӨРЛЕУ Үздіксіз білім жаршысы ӨРЛЕУ Вести непрерывного образования

№3(10)/2015

Шілде-тамыз-қыркүйек

2013 жылдан бастап шығады  
Жылына 4 рет шығады

Июль-август-сентябрь

Издается с 2013 года  
Выходит 4 раза в год

*Меншік иесі – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы*  
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты  
*Собственник – Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»*  
Институт повышения квалификации педагогических работников по Карагандинской области

**Бас редактор – Главный редактор**  
**С.Д.МУКАНОВА,**  
доктор педагогических наук

**Бас редактордың орынбасары**  
А.А.Мухатаев, канд.пед.наук, доцент

#### Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Г.К. Ахметова	доктор пед. наук, профессор
У.М.Бахтикиреева	доктор филол. наук, профессор (Россия)
М.Ж. Жадрина	доктор пед. наук, профессор
Ж.Ж.Наурызбай	доктор пед. наук, профессор
М.Н. Сарыбеков	доктор пед. наук, профессор
С.Т.Каргин	доктор пед. наук, профессор
Б.А. Жетписбаева	доктор пед. наук, профессор
А.К. Кусаинов	доктор пед. наук, профессор
С.К. Исламгулова	доктор пед. наук, доцент
Ж.О. Жылбаев	канд. пед. наук
М.А. Жетписбаева	ответственный секретарь, канд.филол.наук

Басуға 30.09.2015 ж.  
қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8.  
Офсеттік қағазы.  
Көлемі 8,7 б.т.  
Таралымы 300 дана.  
Бағасы келісім бойынша.  
Тапсырыс №217

Подписано в печать 30.09.2015 г.  
Формат 60x84 1/8.  
Бумага офсетная.  
Объем 8,7 п.л.  
Тираж 300 экз.  
Цена договорная.  
Заказ №217

Беттеген:  
А.А.Разбеков

**Адрес редакции:** 100019, г. Караганды, ул. Жанибекова, 42  
**Тел.:** +7 7212 41-68-59; **факс:** +7 7212 41-70-10.  
**Адрес сайта:** orleu-krg.kz **E-mail:** ipk.karaganda@mail.ru

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен тіркелген  
03.05.2013 ж. №13605-Ж мерзімді баспасөз басылымды тіркеуге қойылғаны туралы куәлік  
Зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан.  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания №13605-Ж от 03.05.2013 г.  
© Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»  
Институт повышения квалификации педагогических работников по Карагандинской области, 2013

**ЫҚПАЛДАСТЫҚ ҚЫРЛАРЫ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ****ГРАНИ ИНТЕГРАЦИИ: НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ**

<i>ЮНУСОВА М.С.</i> Көпмәдени білім беруді мектепте жүзеге асырудың әлеуметтік-педагогикалық шарттары....	4
<i>ЖЕТПИСБАЕВА Б.А., БАЙБЕК М.Д.</i> Концептуальный подход к организации полиязычного образования в Республике Казахстан.....	12
<i>АЛМЕТОВ Н.Ш.</i> Командная работа учителей в условиях полиязычного образования.....	18
<i>АБДЫҚАЛЫҚОВ Қ., МЫРЗАХМЕТОВА А.Ж.</i> Көпмәдени білім берудің мақсаты – толерантты оқушы тұлғасын қалыптастыру.....	24

**КӨПМӘДЕНИ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ****СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ПОЛИКУЛЬТУРНОГО И ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

<i>СТОЯНОВА А.П.</i> Многоязычное образование в целях интеграции разнообразных обществ.....	32
<i>ВЫЛЛИ К.</i> Языковое погружение: опыт Эстонии.....	38
<i>ДЖУСУПБЕКОВА Н.С., ЧЕПЕКОВА Г.С.</i> Развитие профессиональной компетентности учителей пилотных школ, внедряющих многоязычное образование в Кыргызской Республике.....	44
<i>УМАРОВ Ш.Н.</i> Модель поликультурного и полиязычного образования школы-гимназии № 153 им. А. Розибакиева г. Алматы.....	50
<i>ЖЕТПИСБАЕВА М., САИРОВА Г., ШУЛЬГИНА Л.</i> Актуализация поликультурного подхода в образовании Казахстана и Кыргызстана.....	58

**АШЫҚ АУДИТОРИЯ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІБЕ****ОТКРЫТАЯ АУДИТОРИЯ: ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА**

<i>АЙТКЕНОВА М.Б.</i> Балалардың тілдік-танымдық біліктілігін педагогикалық диагностикалау.....	64
<i>ДОСКАРИНА Г.М.</i> Развитие коммуникативных навыков учащихся на уроках русского языка.....	70
<i>КОРВАЕВА Е.В.</i> Polycultural education on russian literature lessons in correctional school for children with deflections of intellectual development.....	76
<i>АБЗАЛБЕК Л.С.</i> Қазақ тілі пәнін проблемалық оқыту технологиясы.....	82
<i>ЧИСТЯКОВА И.В.</i> Использование Интернет-ресурсов на уроках английского языка при обучении учащихся написанию различных видов письменных работ.....	88
<i>АКУЛЬБЕКОВА Н.З.</i> Функциональная грамотность чтения: как развивать навыки внимательного чтения.....	94
<i>ШУШАЕВА З.К.</i> Тұлға тәрбиесіндегі ұлттық мәдени құндылықтардың рөлі.....	100
<i>ИСИНА А.С.</i> Воспитание толерантности у школьников.....	104
<i>ГАРИФУЛЛИНА Р.Х.</i> Развитие креативного мышления дошкольников в организованной учебной деятельности по русскому языку.....	110

**АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ****ИНФОРМАЦИОННЫЙ ОБЗОР**

LEARN ENGLISH PRINT (of the British Council).....	118
<i>ТУРСЫНОВА С.Н.</i> Опыт казахско-русского билингвального преподавания.....	122
<i>ӘШІМ Е.М.</i> Көптілді білім беру – табысты мектепке қадам.....	126
<i>МАЛИКОВА Л.Б., БАЙМАГАНБЕТОВА З.Р.</i> Реализация образовательной программы «Полиязычие» в казахско-турецком лицее №1 г. Караганды.....	130
<i>ШАЙХУТДИНОВ Р.Г., ХАЙРУЛЛИНА Г.Д.</i> Реализация концепции полиязычия на основе программы «Изучение казахских сказок на уроках английского языка».....	134
<b>АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ - СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ</b> .....	138



### *ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАН!*

*Көп тілді білгенің – бір құлыпқа бірнеше кілттіңнің болғаны сияқты . Вольтердің тілді меңгеру арқылы жаңа білімді игергенге әлемнің есігі ашық деген сөзі қарапайым шындықты сезінуге көмектеседі.*

*Білім саласы - кез келген мемлекеттің мүдделі проблемалары шешілетін және белгілі бір деңгейде өркендеу перспективасы белгіленетін сала. Қазақстанда көптілді білім беруді жүзеге асыру – ол жаһандық әлемге белсенді түрде ықпалдасу жағдайындағы қоғамның маңызды өмірлік қажеттіліктерін шешу ретіндегі уақытқа бетпе-бет келуі. Тілдерді білу – жастар үшін әлемдік нарыққа, ғылым мен технологияға ашылған есік, ол этникалық, қазақстандық және әлемдік мәдениетке қосылу негізінде конструктивтік серіктестікке дүниетанымдық, нұсқау қалыптастыру үшін жағдай жасайды.*

*Айта кету керек, қазақстанда енгізіліп жатқан көптілдік білім беру бағдарламасы батыс аналогтарына қарағанда бірегей және бір уақытта әрі қатарлас үш тілді (ұлттық мектептерде - төртеу) оқытуды ұйғарады.*

*Аталмыш нөмірдің материалдары отандық және шетелдік полимәдениеттік және көптілдік білім берудің әдіснамасы мен тәжірибесі мәселелеріне арналған. Жарияланым авторларының қатарында – Қазақстанның жетекші жоғарғы оқу орындарының ғалымдары, көптілдік білім беру бойынша халықаралық сарапшылар, көптілдік білім беру бағдарламасын жүзеге асырушы қазақстандық мектеп басшылары мен педагогтары, Қарағанды облысы бойынша ТЛҚ БАМ қызметкерлері бар.*

*Сонымен қатар журналдың осы нөмірінен бастап British Council (Британдық Кеңес) қызметкерлерімен әзірленген ағылшын тілі бойынша Learn English Print жаттығуларын жариялауды бастаймыз.*

*Құрметпен, С.МУКАНОВА*

### *ДОРОГОЙ ЧИТАТЕЛЬ!*

*Знать много языков – значит иметь много ключей к одному замку. Слова Вольтера помогают осознать простую истину – мир открыт тому, кто сможет овладеть новыми знаниями через овладение языками.*

*Образование всегда было сферой, где решаются насущные проблемы любого государства и в определяющей мере обозначаются перспективы процветания. Реализация полиязычного образования в Казахстане – это ответ на вызов времени, как решение насущной жизненной потребности общества, активно интегрирующегося в глобальный мир. Знание языков даст молодежи ключ к мировым рынкам, науке и новым технологиям, создаст условия для формирования мировоззренческой установки на конструктивное сотрудничество на основе приобщения к этнической, казахстанской и мировой культурам.*

*Следует отметить, что программа полиязычного образования, внедряемая в Казахстане, является уникальной и подразумевает, в отличие от западных аналогов, параллельное и одновременное обучение на трех (в национальных школах – четырех) языках.*

*Материалы данного номера посвящены вопросам методологии и практики отечественного и зарубежного поликультурного и полиязычного образования. Среди авторов публикаций – ученые ведущих вузов Казахстана, международные эксперты по многоязычному образованию, руководители и педагоги казахстанских школ, реализующих программы полиязычного обучения, сотрудники Карагандинского ИТК.*

*Кроме того, с этого номера мы начинаем публикацию упражнений Learn English Print по английскому языку, разработанные сотрудниками British Council (Британский Совет).*

*С уважением, С.МУКАНОВА*

М.С.ЮНУСОВА

Казахский университет международных  
отношений и мировых языков имени  
Абылайхана, г.Алматы  
umunavar@mail.ru

## КӨПМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДІ МЕКТЕПТЕ ЖУЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Мақалада көпмәдени білім берудің әлеуметтік-педагогикалық шарттары анықталады, олар: ішінде баланың халық мәдениетінің әлеміне белсенді әрекеттілік енуі, оқушы отбасының білім беру үрдісіне қатысуы, педагогтардың көпмәдени білім беруді іске асыру әдістемесін меңгеруі, бала әрекетінің барлық түрлерін оңтайлы пайланану, мәдени-білім беру кеңістігінің құру. Болашақта білімдік және тәрбиелік мақсаттар құрамына көпмәдени білім беру мен мәдениеттер диалогі идеяларының басымдылығын құндылық ретінде қосу, білім арқылы әлемдік, республикалық және ұлттық мәдениеттерге кіруіне мүмкіндіктерді туғызу талап етіледі.

В статье определены социально-педагогические условия поликультурного образования: активное деятельностное погружение ребенка в мир народной культуры; участие семьи школьника в образовательном процессе; владение педагогами методикой осуществления поликультурного образования; рациональное использование всех видов детской деятельности; создание культурно-образовательного пространства. В перспективе выдвигается включение в состав образовательно-воспитательных целей идей приоритета поликультурного образования и диалога культур как ценности, формирования возможности способов вхождения в мировую, республиканскую и национальную культуру посредством образования.

In article social and pedagogical conditions of polycultural education such as active activity immersion of the child to the world of national culture are noted; participation of a family of the school student in educational process; possession of teachers of a technique of implementation of polycultural education; rational use of all types of children's activity; creation of cultural and educational space. In the long term inclusion in structure of the educational and educational purposes of ideas of a priority of polycultural education and dialogue of cultures as values, formations at pupils of ways of entry into world, republican and national culture by means of education moves forward.

**ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР:** көпмәдени білім беру, ұстаным, құндылықтар, әлеуметтік бейімделу және кіріктіру, көпмәдени білім берудің шарттары, көпмәдени-бағдарланған педагог, этномәдени құзіреттілік, қоршаған орта

**А**дам өзі өмірге келген сәттен бастап-ақ, ажырамас мәдени дәстүрге енеді. Сонымен қатар, классикалық білім беру тарихи қалыптасқан отбасылық дәстүрлерге әсер етуге қабілетті болмайды. Сондықтан көпмәдени білім беру оқушылардың мәдени ұқсастықтарындағы ерекшеліктерін дәл ескеруге, олардың «көпмәдени ортаға» сәтті бейімделуіне ықпал етуге көмектесуге бағытталады.

Көпмәдени білім беру жүйесі, славянның ұлы гуманист-педагогі Я.А.Коменский [1] құрастырған «Барлығына бәрін оқыту» сияқты гуманистік ұстанымын, дискриминациялық нақтылау мен шектеулерсіз жүзеге асыруға бағытталған. Мәдени және практикалық



бағыттылығы бар мектептегі білім берудің мазмұны, халықтың өзіндік санасын сақтауға және дамуына, ұрпақтардың тарихи, рухани және әрекеттік-тәжірибелік сабақтастығын қайта құруға бағытталуы қажет. Бұнда білім беруді дамытудың басым бағыттары ретінде, біз гуманистік құндылықтарды ендіруді атаймыз, аталған құндылықтарға баулымай, өскелең жас ұрпақты интеграциялық жалпыадамзаттық үдерістерге енгізу мүмкін болмайды. Осылайша, ұлттық компоненттер аясында ұлттық білім беру мәселелерін шешуге қолдануға мүмкіндігі айқындалады.

Табиғаты бойынша, тәрбие әрдайым әлеуметтік болып саналады, себебі тұлға мен қоғамның қызығушылықтарына қызмет етуге бағытталады, оның әлеуметтік дамуының мақсаттарына, міндеттеріне жауап береді, оның тарихи, этностық, мәдени ерекшеліктері мен рухани идеалдарына сәйкес келеді.

Әлеуметтендіруде екі кезең анықталады: әлеуметтік бейімделу және кіріктіру. Біріншіс – адамның әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, рөлдік қызметтерге, қоғамның өмір сүруінің әртүрлі деңгейлерінде қалыптасатын әлеуметтік нормаларға, әлеуметтік топтарға және өмір сүру ортасы ретінде танылатын, әлеуметтік ұйымдарға, әлеуметтік институттарға бейімделуді білдіреді. Кіріктіру екінші кезең ретінде, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды, адамның ішкі әлеміне енгізу үдерісі ретінде түсіндіріледі. Осы нормалар мен құндылықтарды адамның ішкі «Меніне» енгізудің сипаты, әрбір нақты тұлғаның құрылымына негізделеді.

Қазіргі заманғы көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыруды жүзеге асыратын басты әлеуметтік институттардың бірі ретінде мектеп алынады, мектепті әлеуметтік-педагогикалық жүйеге айналдыратын болсақ, ол аталған міндеттерді жүзеге асыруда, оның мүмкіндіктерін арттыруға ықпал етеді. Мектепте өмірмен өзара іс-әрекетті кеңейту және бекітуге деген тенденциялар, ортадағы барлық әлеуметтік институттармен өзара әрекет етуді кеңейту және бекіту тенденциялары басым болады – отбасымен, өнеркәсіптермен, мәдени-ағарту мекемелерімен, жергілікті билік орындарымен және т.б. [2].

Мектеп ортасы балаға тұлғалық өсу үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынады, себебі мектепте бала өз қатарластар тобының тікелей мүшесі ретінде болады және осы рөл әлеуметтік тәуелділікпен байланысты болады. Сонымен қатар ата-аналардың жас ерекшелігімен үйлесе отырып, бала өз сыныптастары арқылы референтті топ табады (тұлға үшін құндылық бағдарлар эталон болып саналатын эталондық топ) және мектеп өмірі барысында ол өзі үшін жаңа әлеуметтік рөлге ие болады. Мектеп ортасы балаға тұлғалық өсу үшін, үлкен мүмкіндіктер береді, себебі мектепте бала өз қатарластар тобының тікелей мүшесі ретінде болады және осы рөл әлеуметтік тәуелділікпен байланысты болады. Сонымен қатар, ата-аналардың жас ерекшелігімен үйлесе отырып, бала өз сыныптастары арқылы референтті топ табады (тұлға үшін құндылық бағдарлар эталон болып саналатын эталондық топ) және мектеп өмірі барысында ол өзі үшін жаңа әлеуметтік рөлге ие болады.

Сонымен көпмәдени білім берудің бірінші шарты – мектептің оқу-тәрбие үдерісі әлеуметтендіру үдерісінің бір бөлігі ретінде, тұлғаның қарым-қатынаста, ойында, тәжірибелік іс-әрекетте әлеуметтік қатынастардың алуан түрлеріне енгізілу негізінде, оның азаматтық қалыптасу үдерісін мақсатты бағытты түрде басқару алынады.

Қазіргі кезде, көпмәдени білім берудің жаңа парадигмасы рухы, ақыл-ойы және денсаулығы үйлесімді болып қалыптасқан индивидтің рухани-адамгершілік негіздерін меңгеруде көрінеді. Неміс ғалымы, профессор Б.Брецинктің пікірлері бойынша, өмірлік тұрақтылықты меңгеру үшін адамға ішкі тіректер, яғни отбасындағы, шағын топтардағы, басқа қауымдастықтардағы жағымды жағдай қажет, сонымен қатар өзіндік күш, өзіндік адамгершілік өмірлік тұрақтылық, жағымсыз, артық нәрсенің барлығынан бас тарту қажеттілігі, күш-қуаттың мәнді, позитивті ойлар мен іс-әрекеттерге шоғырланудың маңыздылығы қажет.

Ішкі тіректер сыртқы тіректерді бекітуді талап етеді, олар – адамның рухани күштері мен өзінің және басқа мәдениеттердің рухани, ұлттық негіздері туралы білімі үйлескен, қоғамның тұрақты, берік өмірлік бағдарлары, сенімді адамгершілік бағдарлар, қоғамдық және индивидуалды идеалдар болып табылады. Осыдан келіп шығатыны, көпмәдени білім берудің мақсаты - тұлғаның қайталанбас индивидуалдылық ретінде толыққанды дамуын қамтамасыз етуде, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайларында, нақты әлеуметтік-тарихи ситуацияларда, оның белсенді әрекет етуіне деген қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардан, көпмәдени білім берудің жаңа бағдарларын, біз елдің бірыңғай әлеуметтік-мәдени кеңістігін сақтау үшін, көпэтностылықты және көптілділікті ескере отырып, қазіргі заманғы тұлғаны қалыптастыруда байқалады деп санаймыз.

Педагог баланың әлеуметтік даму ситуациясын көпмәдени білім беруге кәсіби алмастыруды жүзеге асыра алатын мол күшке ие. Жағдайларды өзгертпей отырып, педагог баланың қабылдауына қолжетерлік ситуацияның мәнін аша отырып, оны интеграциялайды.

Мектеп жұмысының маңызды екінші шарты ретінде педагогтардың тәрбиеленушінің ішкі жан-дүниесіне үнемі зейін аудару, этносаралық қатынас мәдениетін қалыптастыруда оның дара, ұлттық және психологиялық ерекшеліктерін түсіну алынады. Бұл баланың отбасында дамитындығымен байланысты болады. Ата-аналармен, туыстармен қарым-қатынас барысында бала ерте жаста бастап жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерінен өзгеше этностық мінез-құлық стереотиптерін меңгереді. Бұндай жағдай қатарластардың дұрыс емес қабылдауын туындатуы мүмкін. Балалардың өзара қатынасындағы түсініспеушіліктерді жою үшін, педагог әрбір отбасының, әрбір баланың ерекшеліктерін білу қажет.

Ол жеке тұлғаның дамуына әлеуметтік қорғау және көмек беру жүйесін қалыптастыруға (өзіндік дамуда), қолайлы психологиялық комфортты жағдайларын құруға бағытталады. Педагог балалар мен ересектерге, олардың бірлескен іс-әрекетінде көмек беруі қажет, мейірімді, гуманды қатынастарды құруы керек, қарым-қатынастың жетіспеушілігін жоюы керек.

Педагогика ғылымында интермәдени оқыту және мәдениаралық коммуникация контексінде, мұғалімдерді қайта даярлау мәселелерін зерттеуге байланысты тенденция қалыптасып келеді. Осыған байланысты, интерұлттық және ұлттық негіздердің дұрыс арақатынасы маңызды мәселе болып табылады. Оны шешу ұлттық құндылықтарды, дәстүрлерді, мәдениетті, оқушылардың ұлттық психологиясын қабылдамаудың алдын алуға ықпал етуі қажет. Бұл ережелер ресей ғалымы Е.В.Бондаревскаяға көпмәдени білім беруде, педагогтардың этномәдени құзіреттілігінің, жаңа зерттеу мәселесін құрастыруға мүмкіндік берді, ғалымның атап өткеніндей, бұл педагогтың ұлтаралық қарым-қатынасқа ену даярлығының белгілі деңгейін ғана емес, сонымен бірге, әртүрлі мәдениет өкілдерімен өзара қатынас жасау мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді [3].

Профессор Е.В.Бондаревская көпмәдени білім беру педагогикалық үдерісті уақыт талабына сай жүзеге асыруға қабілетті, көпмәдени-бағдарланған педагогтарды даярлауда, жаңа бірқатар мәселелер мен міндеттерді ұсынады [4], себебі мұғалімнің педагогикалық мәдениеті мен құзіреттілігіне, білім беруді реформалаудың жетістігі және сәтті болуы байланысты болады. Сондықтан, мемлекетте педагогтың әлеуметтік статусы мен мәртебесін арттыру, оны субъектілі дамыту және өзіндік дамуға бағдарлау, мұғалімдіктің шығармашылық ұмтылыстарын қолдау маңызды болып саналады.

Педагогикалық іс-әрекеттің жоғары сатысы ретінде, педагогтың педагогикалық үдеріске жұмыстың дәстүрлі емес әдістері мен формаларын меңгеру және енгізу қабілетін қамтитын, сонымен бірге, жаңа білім беру парадигмаларына және көпмәдени шындыққа адекватты, тиімді авторлық әдістемелер мен технологияларды құру қабілетін қамтитын, педагогикалық мәдениет алынады.

Көпмәдени білім берудің үшінші шарты, оның принциптерін, әдістерін, тәсілдерін, құралдарын жүзеге асыру арқылы, ұлттың жаңа ұрпақ арқылы рухани құндылықтарды қайта жаңғыртуы жүзеге асады. Бұдан шығатыны, көпмәдени білім беру қоғамның идеологиясының құрамдас бөлігі болып табылады және келесі идеялар мен құндылықтарға сүйенеді:

- патриоттық идеялар: Отанға қызмет ету идеясы, Отанға деген адалдық, ата-бабалардың тарихына, туған жерге, туған қалаға, кіші отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет, тарихи ескерткіштерге құрмет;

- халықтық-ұлттық идеялар: ана тілінде, басқа халықтардың тілінде, фольклордың өзіндік жанрларында, отбасылық-тұрмыстық қатынастарда, тұрмыстағы, еңбектегі, демалыстағы мінез-құлық нормаларында көрінетін халық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын құрметтеу және сыйлау;

- адамгершілік құндылықтар (ізгілік және мейірімділік, адалдық және батылдық, махаббат және жанашырлық, ата-аналарды құрметтеу, жақындарына деген махаббат);

- халықтардың рухани өсиеттері (қауымдастық, ұжымшылдық, халықтық құқық, халықтық мораль және т.б.);

- әлемдік және ұлттық мәдениеттің жетістіктері болып саналатын тарихи-мәдени құндылықтар: әдебиет, музыка, бейнелеу өнері, сәулет өнері, театр.

Шығармашылық қызығушылықтары бойынша құрылған топтың ерекше ықпалы болады. Біріншіден, аталған топқа бала қызығушылықпен енеді, яғни бала осы топтың мүшесі болу құқығын бағалайды, өз кезегінде бұл баланың осы топтың заңдарын толық және сөзсіз қабылдауын білдіреді. Екіншіден, аталған топтың іс-әрекеті арқылы, бала өзінің индивидуалды «Менін» бекітеді. Үшіншіден, шығармашылық іс-әрекет балаға өмірге қанағаттануды, жоғары дәрежеде өзін бақытты сезінуге мүмкіндік береді, сондықтан балалар үйірмелерге, секцияларға, спорт мектептеріне, клубтарға және т.б. қатысуға ұмтылады.

Егер мектептің педагогикалық ұжымына, оқу-тәрбие кеңістігінің динамикалық өсуін мектептің барлық балалары үшін сақтау мүмкін болса, онда жалпы оқу-тәрбиелік нәтиже ретінде, өмірді оның барлық көріністерімен қабылдау, балалардың өмірлік таңдау жасауға дайындығы, балаға өмір ұсынатын құндылықтардың пайда болуын атауға болады.

Көпмәдени білім берудің төртінші шарты, индивидті біз оқшауланған субъект ретінде қарастырмаймыз, оны белгілі әлеуметтік ортаның өкілі ретінде – ұлттың, этностық қауымдастықтың, субмәдениеттің, кәсіптің, ұрпақтардың және т.б. өкілі ретінде қарастырамыз.

Ғылыми әдебиеттерде индивидтің қалыптасуы жүретін көптеген орталар анықталып көрсетіледі. Бір жағынан, табиғат ортасы индивидтен тәуелсіз, физикалық шындық ретінде көрінеді. Екінші жағынан, индивид өзінің ортасын, «екінші табиғатын», яғни мәдениетін құрады. Әрбір адам адамдардың нақты қауымдастығына жатады, яғни өз кезегінде аталған қауымдастыққа тән мәдениетті таратушы болып табылады. Сонымен қатар адам көптеген әлеуметтік қауымдастықтарға «енеді», олар үнемі бір-бірімен өзара іс-әрекет етеді, кіріктіріледі (интеграцияланады). Өз кезегінде, әрбір адам бірнеше мәдениетке қатысты болуды үйлестіре алады.

Өмір сүру ортасының екінші ортасы ретінде, мәдениетті құра отырып, адам өзінің көпжақты шығармашылық потенциалын көрсетеді. Мәдениет көріністерінің алуан түрлілігі адамзаттың іс-әрекетінің алуан түрлілігіне сәйкес келеді. Мәдениет қоғамның барлық сфераларын қамтитын, оның құрылымдарына енгізілген қоғамдық жүйе болып табылады. Мәдениет үйлесімді түрде адамның әлеуметтік және табиғи сапаларын біріктіреді, бір мезгілде оларды жүзеге асырудың сферасы ретінде бола алады.

Мәдениетті көруге, естуге, сезінуге немесе дәмін татуға болмайды. Біздің шынайы түрде бақылайтынымыз – бұл іс-әрекет пен дәстүрлерде көрінетін адамзаттың мінез-құлқындағы айырмашылықтар болып саналады. Әртүрлі мінез-құлқтың негізінде мәдени айырмашылықтардың бар екендігін түсінеміз, осылайша мәдениетті зерттеуге болады. Бұл мәнде мәдениет – оның теориялық мәні бізге саналауға көмек беретін, әртүрлі мәдениет өкілдерінің мінез-құлқындағы айырмашылықтарды түсіндіруге көмек беретін, ерекше ұғым болып табылады.

Өз кезегінде С.В.Щербина [5; 47-55] мәдени парадигма арқылы анықталатын, қоршаған ортамен қатынастың мүмкін болар нұсқаларын қарастырады:

- қоршаған ортаның мүмкіндіктерін қолдануға ұмтылыс;
- қоршаған ортамен үйлесімді болуға ұмтылыс;
- қоршаған ортаның әсерінен қорғануға ұмтылыс.

Осылайша, адам мәдениетті танушы (мәдени орта) және оның өкілі және таратушысы ретінде болады. Мәдениет мәдениет жасаушының, кезеңнің, дәуірдің, ұлттық ерекшеліктердің, мемлекеттік құрылымның және т.б. белгісі болып табылады.

Әртүрлі топ өкілдері өзіндік ережелері мен нормалары, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері қалыптасқан әлемде өмір сүруде, олар ерекше сөйлеуде, тілде, мінез-құлық үлгілерінде, дінде, көзқарастар жүйесінде, әлеуметтік институттарда көрініс береді. Осылайша, қысқаша аталып өткен ерекшеліктердің өзі қоғамның өмір сүруі, дамуы және жандану міндеттерін қоятын, көпмәдени ортаның алуан түрлілігі мен өзіндік бейнесін білдіреді.

Т.Г.Стефаненконың пікірі бойынша [6], әлеуметтік тұрақсыздық жағдайында, этносқа деген қатысты болу қажеттілігі өсіп келеді, себебі ол адамның қорғау және қолдау табатын тобы



ретінде маңызды болып саналады, сонымен қатар этностық бірдейлік әлеуметтік бірдейліктің (идентичность) аса қолжетерлік формасы болып табылады.

Өте қарапайым баяндауда – адамның этностық бірдейлігі өзінің ана тілі мен туған мәдениетіне қатыстылығы арқылы анықталады. Этномәдени орта (немесе этностық) өзінің типологиялық «кеңдігі» бойынша, – адамның бүкіл өмір сүруінің ортасы болмайды. Бұл тек көпмәдени ортаның бір бөлігі болып саналатын, әлеуметтік-мәдени ортаның бір бөлігі болып табылады.

Қоршаған ортаның этностық ерекшеліктері адамның жеке тұлғасына, оның мінез-құлқына, дүниетанымына, өз ұлтының өкілдері және басқа ұлт өкілдерімен қатынасына ықпал етеді. Көпмәдени білім беруге этностық алуан түрлілік тән, қоғам өміріне тиімді қатысу үшін қажет, оқушылардың этностық мәселелер бойынша дұрыс шешім қабылдау қабілеттері мен дағдыларын дамытады.

Этнология саласындағы зерттеушілер Н.А.Дубова [7], Ю.В.Иванова [8], В.И.Козлов [9], О.Д.Комарова [10], Н.М.Лебедева [11], М.Ю.Мартынова [12] этномәдени ортаның негіздерін жүйеге біріктірілген көптеген стереотиптер мен дәстүрлер құрайды деп санады. Дәстүрлер мен стереотиптер этномәдени ортаның тұрақтылығын қалыпты ұстай отырып, оның аса консервативті бөлігі болып саналады.

Этномәдени орта – бұл ең алдымен, ұжымдық өмір сүру мен өзара іс-әрекет ету мәселелерін шешудің дәстүрлі механизмдерін қолдайтын, әлеуметтік шындықтың бір бөлігі болып саналады. Ол адамның күнделікті өмір сүруінің қоғамдық және интимді сфераларын көрсететін, тұрақталған үдерістер жүйесін көрсетеді. Ортаның ерекше қажеттілігі адамдардың келісімге келуін және өзара түсіністігін қамтамасыз ететін, коммуникативті қолайлы шарттарды қолдаудан құралады. Осылайша, этномәдени орта ақпараттық ортаның бір бөлігі болып саналады.

Этномәдени ортаны бұзу көптеген әлеуметтік және мәдени бағдарлардың жоғалуына әкеп соғады, яғни қоршаған шынайы ортадағы ақпарат шеңбері жедел түрде тарылады. Әлеуметтік-психологиялық зерттеулер, ақпараттың жеткілікті түрде жетіспеушілігі, жеке адамдардың және топтардың адекватты емес мінез-құлқы танытуына әкеп соғатынын атап көрсетеді. Басқа бөгде ортаға енгізілген көшпенділердің үлгісі көрсеткендей, ешқандай бұқаралық ақпарат құралдары, оларға жаңа әлеуметтік ортаны түсінуге және жеткілікті бағдарларға ие болуға көмек бере алмайды.

Л.П.Буева атап көрсеткендей, тұлғаның дамуының жалпы үдерісінде екі тенденция әрекет етеді: индивидтің әлеуметтік нормалар, дәстүрлер мен функцияларды тұлғаның әлеуметтік жағдайлар мен даму тенденцияларына бейімделудің өзіндік аспектісі ретінде қабылдауы; индивидтің әлеуметтік нормалар, дәстүрлер мен функцияларды тұлғаның әлеуметтік жағдайлар мен даму тенденцияларына бейімделудің өзіндік аспектісі ретінде меңгеру; бұнда адамның шығармашылық индивидуалдығы анық байқалады [13].

К.Ж.Қожахметова «Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері» еңбегінде атап көрсеткендей, этностық тәрбиені қайта жаңғырту жағдайында, балаларды этноәлеуметтік рөлдерді меңгеруге бағыттау маңызды болып табылады. Этноәлеуметтік тәсіл этностық тәрбиенің кешенді құралы болып табылады, оның табиғи негіздері болады, ол көп жағдайда қазақтардың туыстық байланыстарында сақталған және олардың болашағы тәрбиеге байланысты болады [14]. Ұлттық этикет қазақтардың қарым-қатынас формасы ретінде басынан бастап этноәлеуметтік-рөлдік бағдарланумен байланысты, сондықтан этноәлеуметтік рөлдерді жақсы меңгерген Адам, өзін кез келген ортада қолайлы сезінеді, себебі коммуникативті тұрғыда оның қарым-қатынасы және мінез-құлқының бағдарлары бар, яғни этноәлеуметтік рөл – бұл этноәлеуметтік рөлді, статусты меңгерген адамның визитті карточкасы, мінез-құлқы мен қарым-қатынас нормаларының кешені болып табылады.

Тәрбиенің кешенді тәсілдеріне қойылатын талаптарға сүйенсек, бір этноәлеуметтік рөлді меңгеру оны меңгеру және жүзеге асыру шеңберіндегі міндеттер кешенін шешеді:

- адамгершілік тәрбие міндеттері – гуманистік тұғыр, бейбітсүйгіштік, ұстамдылық, мейірімділік, үлкендерге құрмет;

- ақыл-ой тәрбиесін және дүниетанымды қалыптастыру мақсатында, әрбір рөл табиғат заңдарын ғана емес, сонымен қатар қоғамдық өмір заңдарын, әлем заңдарын білуге қойылатын талаптарды қатаң сақтауды білдіреді;

- дене тәрбиесі мақсатында - әрбір рөл белгілі жас ерекшелік кезеңінде дененің жетілуінің эталонына деген ұмтылысты білдіреді. Бұл атқа міну, садақ ату – ұлдар үшін, ал қыздар үшін – әдемі және сымбатты жүру білігі, сымбатты мүсінді болуы;

- еңбек тәрбиесі мақсатында - әрбір рөл сәбилік кезеңнен бастап белгілі біліктер мен дағдыларды меңгеруді білдіреді;

- эстетикалық тәрбие мақсатында – рөлді меңгеру нәтижесінде әдемілік сезімдерін қалыптастыруды көздейді, ол сезімдер тек қана сыртқы бейнеде ғана емес, сонымен бірге барлық қатынас түрлерінде көрінуі қажет: өзін ұстау шеберлігінде, кез келген істі орындауда, дене және моральды денсаулықта;

- патриоттық тәрбие тұрғысында және туған жердің экологиялық жағдайы туралы қамқорлық тұрғысында, рөлдерді меңгеру оны жаудан ғана емес, сонымен бірге оған жауапсыз қатынас білдіруден қорғауды көздейді.

Қазіргі заманғы мектепте этноәлеуметтік рөлдерді жүзеге асыруды әлеуметтендірумен диалектикалық бірлікте, әлеуметтік рөлдерді: отан қорғаушы, отбасының ұйытқысы, еңбеккер, азамат және т.б. рөлдерді меңгеру және орындауға деген дайындықпен бірлікте үйлестіру қажет.

Білім беру стратегиясының негізінде, қоршаған ортаның спецификасын тану және өскелең жас ұрпақты қалыптастыру үдерісінде, әртүрлі компоненттерді қолдануды есепке алу мақсатында оның әртүрлі нұсқаларын көре білу алынады. Қоршаған ортаның әсерлері, педагогтар енгізетін құндылықтарға, идеалдарға, принциптерге қарама-қайшы келмеуі маңызды болып саналады. Өз кезегінде, көпмәдени ортадағы оқыту және тәрбие үдерістеріне қойылатын талаптардың, әртүрлі ана тілде сөйлейтін ортада, әлеуметтік жағдайы мен білімділік деңгейі бойынша анықталатын ортада, басқа мәнді айырмашылықтары бар ортада, жалпы құрылған талаптардан біршама өзгешеліктері бар екендігі анықталды.

Көпмәденилік принциптерінде білім беруді ұйымдастыру келесі постулатқа сүйенуі керек: «сынып – біреу, ал ондағы мәдениеттер мен субмәдениеттер көп, олардың бәрі тең, олардың барлығы білім беру үшін қажет». Біздің зерттеуімізге қатысты, біз келесі анықтаманы қолайлы деп санаймыз: көпмәдени орта – бұл «жалпымәдени (макродеңгейде), әлеуметтік және тұлғалық бастауларды кіріктіру (интеграция) жүзеге асырылатын, өмір сүру жағдайларының жиынтығы болып табылады.

Бұл тұлғааралық мінез-құлық стереотиптерін, дүниетаным мен өзіндік анықталу ерекшеліктерін, әртүрлі әлеуметтік институттар, тіл, діни сенімдер, ырымдар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, өнер, ғылым, аңыздарды, табиғатпен өзара іс-әрекеттің, өндірістік және тұрмыстық іс-әрекеттің негізгі тәсілдері, аталған қоғамда енгізілген, белгілі аймақта тұратын қауымдастық өмірінің өзіндік кеңістігі [15].

Әлеуметтік факторлар мектепке, қоршаған ортаға мәнді әсер ете отырып, жағымды және жағымсыз болып бөлінеді. Бұнда мектептің даму жолдарын және қоршаған ортаның қарама-қайшы әрекетін көрсететін болсақ, бұл жағдайда балалар мен жасөспірімдерді оқыту мен тәрбиелеуде жағымды оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Сондықтан мектеп кез-келген жағдайда, дәстүрлі және жаңа міндеттерді қазіргі заманғы деңгейде шешуге қабілетті болуы керек, сонымен бірге халықтың мәдени, адамгершілік дамуының кепілі болуы қажет. Мектеп білім беру нәтижелерінің мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес келуін, халықтың әртүрлі және нақты білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру білігін дәлелдеуі қажет.

Педагогикалық қауымдастық алдында, өскелең жас ұрпаққа әлемде көптеген құндылықтардың бар екендігін, олардың кейбіреулерінің өзгешеліктерін, кез-келген құндылықтың халықтың/топтың дәстүрлеріне негізделетінін, олардың қоғамның тәжірибесі, мәдениеті және тарихи дамуының заңды нәтижелері болатынын саналауға көмек беру міндеті тұр.

М.М.Бахтин атап өткендей [16], басқа мәдениетпен диалог арқылы ғана, өзіндік танудың

белгілі деңгейіне қол жеткізуге болады, себебі екі мәдениеттің диалогты кездесуі барысында, олардың әрқайсысы өзінің бірлігін және ашық тұтастығын сақтайды және бір мезгілде бір-бірін байытып толықтырады. Мәдениет өзінің элементтерінің дамуы, алуан түрлерін, нұсқалары мен сапалы өзіндік бейнесін түпкілікті ету үшін негіз жасайды, ал білім беру өскелең жас ұрпаққа осы үдерістерді түсінуге мүмкіндік береді.

Мәселені тек осылай қою, педагогика ғылымын дамытуға, тәрбие тәжірибесін дұрыс ұйымдастару үшін қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктер құруға, тәрбие үдерісінің нәтижелерін алдын ала көре білуге кепіл бола алады.

Аталған мәселені зерттей отырып, біз мектептің мемлекеттік-тәрбиелік мекеме ретінде, әлеуметтік өмірден бұрын, ең алдымен жаңа рухқа ие болуы керек екендігін, оның тұрмыстан жоғары тұруын, одан тәрбиелік күштердің бастау алатынын атап өтуіміз керек.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қортындылай келгенде, біз көпмәдени білім беру міндеттерін мектептің оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асырудың әлеуметтік-педагогикалық төмендегі шарттарын анықтадық: бірінші шарты- мектептің оқу-тәрбие үдерісі әлеуметтендіру үдерісінің бір бөлігі болуы, екінші шарты - жаңа білім беру парадигмаларына және көпмәдени шындыққа адекватты, тиімді авторлық әдістемелер мен технологияларды пайдалану, үшінші шарты- көпмәдени бағдарланған педагогтың жұмыс істеу, төртінші шарты - көпмәдени білім беру мазмұнының мәдениеттанушылық аспектісінің болуы.

Алайда, мектептің негізгі мақсаты, оның өмір сүруінің басты нәтижесі – білім мен тәрбиені меңгерген, белгілі мазмұндағы, деңгей мен сападағы дайындығы бар түлектері болып саналады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Коменский Я.А. Материнская школа. Избр. пед. соч. – М., 1982.
2. Белинская Е.П., Стефаненко Т.Г. Этническая социализация подростка. – М.: Московский психолого-социальный институт; – Воронеж: МОДЭК, 2000.
3. Бондаревская Е.В. Теоретико-методологические вопросы изучения и формирования педагогической культуры. – Ростов-на-Дону, 1989.
4. Бондаревская Е.В., Кульневич С.В. Педагогика: Личность в гуманистических теориях и системах воспитания. – М.; – Ростов-на-Дону, 1999.
5. Щербина С.В. Организационная культура в западной традиции: природа, логика формирования и функции /СВ. Щербина //СОЦИС. – 1996. – № 7. – С. 47-55.
6. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. – М., 1999. – 320 с.
7. Этническая экология: народы и их культура \Ред Н.А.Дубова, Л.Т.Соловьева. – М.: Старый сад, 2008. – 376 с.
8. Иванова Ю.В. Труды и праздники албанских крестьян. – М.: ИЭА РАН, 2004. – 124 с.
9. Козлов В.И. Этническая экология: Становление дисциплины и история проблем. – М., 1994.
10. Комарова О.Д. Социология, этнология. – М., 1999. – Т. VIII. – № 4. – 192 с.
11. Лебедева Н.М., Лунева О.В., Стефаненко Т.Г. Тренинг этнической толерантности для школьников. Учебное пособие для студентов психологических специальностей. – М., 2004. – 356 с.
12. Мартынова М.Ю. Мир традиций и межкультурное общение. В помощь школьному учителю. М.: Изд-во РУДН, 2004. 348 с.
13. Буева Л.П. Социальная среда и сознание личности. – М., 1968. – 18 с.
14. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы: Білім министрлігінің баспасы, 1993. –176 б.
15. Бахтин М.М. Литературно-критические статьи. – М.: Художественная литература, 1986. – 543 с.



### **БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢҒЫРТУ: БОЛАШАҚҚА БАҒДАР**

2015 жылдың 14-17 тамыз аралығында Қарағанды, Жезқазған, Балқаш калаларында, Осакаров кентінде «Білім беру мазмұнын жаңғырту: болашаққа бағдар» атты тамыз педагогикалық конференциясы болды.

Кездесу аясында оқыту мен тәрбиенің барлық деңгейінде сапалы білімге кең мүмкіндікті қамтамасыз ететін, ұлттық үлгіні тиімді дамыту жағдайы талқыланды.

Сапалы білім беру қызметін көрсетуді қамтамасыз етудің негізгі ресурсы мұғалім болатындығы айтылған. Қазақстандық мектептердің жаңа үлгісіне көшудің тиімділігі, оның кәсіби құзыреттілігінің деңгейіне байланысты болады.

Конференцияның пленарлық және секциялық отырыстары аясында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ-ның қызметкерлері келесі жолдары мен мүмкіндіктері туралы:

– білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында педагогтың кәсіби дамуы туралы;  
– «Өрлеу» біліктілікті арттыру жүйесі тарапынан мұғалімді әдістемелік қолдау туралы;

– инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды дамытуды психологиялық-педагогикалық қолдауға мұғалімнің кең ауқымды дайындығы туралы;

– оқушылардың зерттеу мен жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру, олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізі ретінде екендігі туралы айты.

Талқылаудың интерактивті тәсілі білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында жұмыстардың ерекшеліктері: заманауи сабақты өткізуден білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға дейінгі, сонымен қатар әрі қарайғы даму перспективаларын көрсету туралы педагогтардың сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік берді.

### **ОБНОВЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ: ОРИЕНТАЦИЯ НА БУДУЩЕЕ**

14-17 августа 2015 года в гг.Караганда, Жезказган, Балхаш, п.Осакаровка состоялась августовская педагогическая конференция «Обновление содержания образования: ориентация на будущее».

В рамках встреч обсуждены условия эффективного развития национальной модели, обеспечивающей широкий доступ к качественному образованию на всех уровнях обучения и воспитания.

Основным ресурсом, обеспечивающим качество образовательных услуг, выступает учитель. От уровня его профессиональной компетентности зависит эффективность перехода на новую модель казахстанской школы.

Сотрудники филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области в рамках пленарных и секционных заседаний конференции рассказали о путях и возможностях:

профессионального развития педагога в условиях обновления содержания образования;

– методической поддержки учителя со стороны системы повышения квалификации «Өрлеу»;

– широкомасштабной подготовки учителей к психолого-педагогическому сопровождению развития детей с ограниченными возможностями в условиях инклюзивного образования;

– организации исследовательской и проектной деятельности учащихся, как основы формирования их функциональной грамотности.

Интерактивный способ обсуждения позволил ответить на вопросы педагогов об особенностях работы в условиях обновленного содержания образования: от проведения современного урока до подходов к оцениванию учебных достижений обучаемых, а также наметить перспективы дальнейшего сотрудничества.



Б.А.ЖЕТПИСБАЕВА<sup>1</sup>, М.Д.БАЙБЕК<sup>2</sup>*Карагандинский государственный  
университет им.Е.А.Букетова, г.Караганды  
zhetpisbajeva@mail.ru<sup>1</sup>, zhake\_b@mail.ru<sup>2</sup>*

## КОНЦЕПТУАЛЬНЫЙ ПОДХОД К ОРГАНИЗАЦИИ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Мақалада көптілді білім берудің концептуалды негіздерінің әдіснамалық қағидаттары анықталады. Көптілді білім беру жағдайында тілдер арақатысына, көптілді білім берудің ұлттық контентің есепке ала отырып тілдерді ерте жастан және біргелеп оқытудың ғылыми негіздерін жасау қажеттілігіне, көптілді білім беру жағдайында қызмет ете алатын педагогтің концептуалды моделін құруына байланысты сұрақтар өзектендіріледі. Тілдерді оқытудың деңгейлік моделінің маңыздылығы белгілінеді. Көптілді білім берудің бірыңғай әдіснамалық тұғынамасын, бірыңғай нормативтік-басқару және мазмұндық қорын, сонымен қатар бірыңғай бақылау-бағалау механизмдерін қамтамасыз етуін қажеттілігі дәлелденеді.

В статье определены методологические принципы концептуальных основ полиязычного образования. Актуализируются вопросы о соотношении языков в контексте полиязычного образования, необходимости разработки научных основ раннего изучения и соизучения языков с учетом национального контента полиязычного образования, разработки концептуальной модели педагога, способного работать в условиях полиязычного образования. Обозначена важность уровневой модели обучения языкам. Обоснована необходимость обеспечения единой методологической платформы, единой нормативно-управляющей и содержательной базы, а также единого контрольно-оценочного механизма полиязычного образования.

In the article are certain the methodological principles of the conceptual foundations of multilingual education. The questions are actualized about the relationship between languages in the context of multilingual education, the need to development scientific foundations for early learning and parallel learning languages with regard to national content multilingual education, the development of a conceptual model of the teacher, able to work in conditions of multilingual education. Also are indicated the importance of the level model of language teaching. The necessity of providing a common methodological platform, a unified regulatory control and content base, and a single control and evaluation mechanism multilingual education is proved.

**КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА:** полиязычное образование, методологический принцип, тезаурус полиязычного образования, дидактика обучения, уровневая модель обучения языкам, учебно-методический комплекс

Отправной точкой для развития полиязычного образования в Казахстане явилась идея о триединстве языков, инициированная Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым в 2004 году.

Данная идея нашла свое воплощение в Государственной программе функционирования и развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы (далее – ГПРФЯ), целью которой является гармоничная языковая политика, обеспечивающая полномасштабное функционирование государственного языка как важнейшего фактора укрепления национального единства, функционирование русского языка в коммуникативно-языковом пространстве; изучение английского и других иностранных языков [1].

Полиязычное образование как педагогическая инновация требует концептуального подхода к его реализации.



Концептуальные основы полиязычного образования представляют собой, прежде всего, системную совокупность теоретико-методологических положений как результатов научно-педагогических исследований.

Концептуальные основы полиязычного образования определяются сегодня совокупностью следующих методологических принципов:

- принцип непрерывности понимается как связь, согласованность и перспективность всех компонентов системы (целей, задач, содержания, методов, средств, форм) между уровнями полиязычного образования (по вертикали);

- принцип преемственности является фактором, обеспечивающим целостность всех компонентов системы (целей, задач, содержания, методов, средств, форм) на каждом уровне полиязычного образования (по горизонтали);

- принцип «двойного вхождения знаний» обеспечивает параллельное овладение языками через изучение языковых дисциплин и через язык обучения неязыковых дисциплин (к примеру, химия, физика изучаются на английском языке, история Казахстана, казахская литература – на казахском, русская литература, всемирная история – на русском и т.д.

- принцип функциональной активности языков, контактирующих в этнокультурном образовательном пространстве, который означает создание условий для активного использования различных языков в соответствии с потребностями и интересами общества в институциональной сфере, и с интересами и потребностями личности и отдельных социальных групп во внеинституциональной и неформальной сферах;

- принцип сбалансированности государственного (казахского) и официального (русского) языков в содержании образования означает учет особенностей социолингвистической ситуации конкретного региона. Акцент на этих двух языках продиктован тем, что в различных регионах Казахстана их функциональная активность неравнозначна. Имеется в виду, что русский язык менее активен в южных областях страны, тогда как в северных – он обладает более широкой сферой употребления.

Реализация указанных и других принципов (гибкости и адаптивности к изменениям в социально-экономической жизни, в профессиональной деятельности, умение жить в поликультурном мире, профессионализации, предполагающей использование иностранного языка в профессиональных целях) требует соответствующих методов и специальных средств для достижения конкретных целей и задач.

В частности, педагогической науке предстоит дать четкие ответы на соотношение языков в контексте полиязычного образования. Так, в реальной практике казахстанского образования нередко встречаются понятия «первый язык», «второй язык», «третий язык». Это способствует нежелательной терминологической вольности, что приводит к обезличиванию языка как социальной и государственной ценности, в то время как есть общепринятые понятия «родной язык», «неродной язык», «иностраннный язык». Поэтому следует использовать, к примеру, понятия «казахский язык как родной», «казахский язык как неродной», «русский язык как родной», «русский язык как неродной». Тогда не будет смешения понятий «родной язык» и «язык обучения в школе», так как в школах многонационального Казахстана обучаются дети разных этносов, для которых язык обучения не всегда совпадает с родным языком.

Поэтому важна выработка единого тезауруса полиязычного образования, который не допускал бы двоякого толкования терминов и понятий. Особо это важно для принятия программных документов.

Кроме того, изучение языков в этом аспекте требует разработки «Дидактика обучения казахскому/русскому языку как неродному». В рамках полиязычного образования актуализируется также необходимость разработки «Дидактики обучения предметам и дисциплинам на английском языке в условиях полиязычного образования».

Педагогическая наука Казахстана сегодня должна разработать научные основы раннего изучения и соизучения языков с учетом национального контента полиязычного образования. В этой связи необходимо разрабатывать методику раннего обучения языкам, которая должна строго учитывать возрастные, психологические, физиологические особенности детей.

Государственная программа развития и функционирования языков на 2011-2020

годы предусматривает в качестве стратегической задачи стимулирование обучения государственному языку. Данная проблема мотивации требует также целенаправленной научной разработки и обоснования.

Немаловажной проблемой в связи с обновлением содержания образования, новой парадигмы языкового образования является вопрос подготовки педагогов новой формации, что предполагает разработку концептуальной модели педагога, способного работать в условиях полиязычного образования. Современный педагог должен обладать широким спектром личностных и профессиональных компетенций для инновационно-педагогической деятельности, для постоянного совершенствования и повышения своей квалификации.

Инновационно-педагогическая деятельность в условиях полиязычного образования предполагает адекватное восприятие и интенсивное освоение дидактических нововведений, их объективную оценку для дальнейшего применения и эффективного внедрения в практику.

Исходя из этого, концептуальные основы полиязычного образования связаны с совершенствованием:

1) системы подготовки и переподготовки педагогических кадров для реализации полиязычного образования;

2) дидактических материалов, в комплексе охватывающих вопросы преподавания языков и отдельных предметов на иностранном языке.

В плане подготовки специалистов по программам полиязычного образования Министерством образования и науки РК в 2012 году было рекомендовано вузам страны открытие отделения естественного и технического профиля на английском языке.

В целом, начиная с 2013-2014 учебного года обучение на трех языках – английском, казахском и русском – ведется в 32 вузах Казахстана по естественнонаучным и техническим специальностям. По программам полиязычного образования обучаются свыше 5,5 тысяч студентов.

В целях планомерной организации переподготовки и повышения квалификации педагогических кадров необходимо проведение мониторинга обеспеченности организаций всех уровней образования педагогическими кадрами для реализации полиязычного образования. Решение данной задачи связано также с модернизацией действующих и разработкой новых программ переподготовки и курсов повышения квалификации педагогических кадров с учетом требований по освоению дидактических нововведений. Кроме того, необходимо расширить перечень организаций для осуществления переподготовки и повышения квалификации педагогических кадров, включая вузы, имеющие опыт реализации программы полиязычного образования.

В методическом аспекте важное значение имеет уровневая модель обучения языкам.

В настоящее время в Казахстане разработан проект Стандарта непрерывного уровневого обучения государственному языку в системе «детский сад – школа – колледж – высшее учебное заведение» (НАО им. И.Алтынсарина, 2014). В данном проекте определены уровни обучения казахскому языку как неродному в соответствии с общеевропейской рамкой владения языками (CEFR), отражено содержание обучения и прописаны требования к уровням обученности казахскому языку по четырем видам речевой деятельности (аудирование, говорение, чтение и письмо). В целом, предлагаемые в Стандарте уровни соответствуют положениям Государственной программы функционирования и развития языков, которая актуализирует необходимость совершенствования и стандартизации методологии обучения государственному языку. В предложенном в ГПРФЯ распределении уровней обозначено, что учащиеся начальных классов должны овладеть государственным языком на уровне А1, учащиеся среднего звена – на уровне А2, учащиеся старших классов, учреждений технического и профессионального образования – на уровне В1, студенты высших учебных заведений – на уровне В2, магистранты – на уровне С1[1].

Реализуется уровневая модель иноязычного образования (КазУМОиМЯ им.Абылай хана, 2006), направленная на создание единой национальной системы иноязычного образования. Данная модель предложена в Концепции развития иноязычного образования Республики Казахстан, в которой представлены уровни и содержание иноязычного образования для

начальной и средней школы, специализированных школ, для организаций ТиПО, для языковых и неязыковых вузов, а также для магистратуры.

Вместе с тем, до сих пор отсутствует аналогичный стандарт обучения русскому языку. Поэтому объективно сложно унифицировать квалификационные требования к конечным результатам по уровням обученности языкам для всех уровней системы образования. Иными словами, полиязычное образование предполагает параллельное овладение тремя и более языками, однако отсутствие стандартизированного обучения всем трем языкам не позволяет обеспечить единую методологическую платформу, единую нормативно-управляющую и содержательную базу, а также единый контрольно-оценочный механизм полиязычного образования.

Безусловно, стандартизация обучения языкам предполагает разработку новых Типовых учебных программ языковых школьных предметов и вузовских дисциплин, которые должны предусматривать преемственность не только содержания языкового образования, но и процессуально-технологических аспектов обучения языкам, в том числе и процедур оценивания учебных достижений. Иными словами, в Типовых программах кроме содержания образования по каждому уровню должны быть четко прописаны требования к практическому владению языком по четырем видам речевой деятельности, а также формы и критерии оценивания уровня обученности языку.

Для успешности реализации целей полиязычного образования необходимо усилить дидактическую составляющую образовательного процесса.

Анализ дидактических материалов позволяет констатировать их обилие по трем европейским языкам (английский, немецкий, французский), по русскому языку как родному и неродному, казахскому как родному, менее представлены УМК по казахскому языку как неродному. Практически отсутствуют учебники и учебно-методические пособия по дисциплинам, обучение которым ведется на английском языке.

В отличие от школ в вузах уже имеется положительный опыт работы в этом направлении. Начата разработка учебно-методических комплексов по специальным (базовым и профилирующим) дисциплинам на английском языке, изданы под грифом МОН РК трёхязычные терминологические словари по шести направлениям подготовки, опубликованы учебные пособия, практикумы. Создана академическая база для эффективного изучения казахского, русского и английского языков (КарГУ им. Е.А.Букетова).

Ведется совместная с учителями разработка учебно-методических комплексов на английском языке для специализированных школ с обучением на трёх языках (КарГУ им. Е.А.Букетова).

Вместе с тем, проблема совершенствования учебно-методических комплексов всех учебных предметов, начиная с начальной школы, создания условий для развития естественного для казахстанского сообщества казахско-русского и русско-казахского билингвизма не находит своего системного решения. Это относится и к вопросам важности получения начального образования на родном языке.

Предметом острой полемики до сих пор остается последовательность введения неродного и иностранного языка в курс начального обучения. Не решены вопросы возрастного порога обучения другим (неродным и иностранным) языкам: начинать ли это с дошкольного возраста или после усвоения азбучной программы родного языка, есть ли опасность преждевременного изучения иных языков, насколько опасно это для умственного развития младшего школьника, насколько обоснованы эти опасения. Несомненным при всем этом остается одно – ранняя институционализация интенсивного изучения казахского языка как государственного.

Еще не созданы реальные условия для поэтапного использования в среднем и старшем звене школы учебно-методических комплексов по казахскому языку, казахской литературе, истории Казахстана, разработанных и исполненных на казахском языке с учетом ментальности обучаемых и обучающихся, для которых государственный язык не является родным.

Приблизительно такая же картина складывается и с учебно-методическими комплексами по русскому языку и русской литературе. Разница в том, что опыт преподавания русского языка как неродного занимает намного выгодное положение по сравнению с казахским

языком. До 90-х годов прошлого столетия преподавание казахского языка как неродного не вызывал научного интереса у лингводидактики. Поэтому учебно-методические комплексы по русскому языку и русской литературе для школ с нерусским языком обучения нуждаются не в кардинальном пересмотре, а лишь в совершенствовании с точки зрения изменившейся практики языкового образования в целом.

Несмотря на то, что казахский и русский языки, как и английский, принадлежат к разным языковым семействам, первые два объединены общими корнями, уходящими в трехсотлетнюю историю тесного контакта и обусловленными единой графикой – кириллицей. Иная ситуация с английским языком, на котором, согласно концепции полиязычного образования, предстоит обучать школьников отдельным предметам естественнонаучного цикла. Этот аспект полиязычного образования, связанный с английским языком как языком интеграции в мировое сообщество, требует кардинальных педагогических инноваций.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Государственная программа функционирования и развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. [Электронный ресурс]. – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1100000110>

2. Концепция развития иноязычного образования РК / Сост. Кунанбаева С.С., Иванова А.М., Жумагулова Б.С., Кармысова М.К., Аренова Т.Д., Кузнецова Т.Д., Абдыгаппарова С.К. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2006 г. – 20 с.

---

#### ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

2015 жылдың 14 тамызында «Білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында педагогты кәсіби дамыту» тақырыбында Қарағанды қаласының білім беру қызметкерлерінің тамыз педагогикалық кеңесі өтті. Өткен шараға «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ директоры С.Д.Муканова қатысты. Институт директоры өз сөйлеген сөзінде мектептегі білім беру мазмұнын жаңғырту стандарттарын жаппай енгізу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға ерекше назар аударды. Жаңғыртылған мазмұн жаңа құндылықтарға, білім нәтижелеріне, білім беру үдерісін ұйымдастырудың жаңа әдістері мен тәсілдеріне, оқушылардың жетістігін бағалауға жүгінеді. Отандық мектептің жаңғыртылған үлгісін ендірудің басты ресурсы – МҰҒАЛІМ болып табылады.

Заманауи білім беру барлық педагогтар санатының нақты білімі мен кәсіби құзыреттілігінің жаңғыртылуына жоғары талаптар қояды. Бүгінде «Өрлеу» Институты білім беру жүйесінің кадр саясатын қалыптастыруға белсенді түрде қатысады. Білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарын ендіру бойынша жұмыстардың бөлігі саналатын, білім беру қызметін көрсету нарқының мониторингі, болжау мен жоспарлау, жобаларды орындау болып табылады. Сөз соңында, Саулеш Димкешевна педагогтарға жаңа оқу жылына – жоғары кәсіби жетістіктер тіледі.

---

#### АВГУСТОВСКОЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОВЕЩАНИЕ

14 августа 2015 года состоялось августовское педагогическое совещание работников образования г.Караганды на тему: «Профессиональное развитие педагога в условиях обновления содержания образования». В мероприятии принимала участие Муканова С.Д., директор филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области. В своем выступлении директор института особое внимание уделила на работу по массовому внедрению стандартов обновленного содержания школьного образования. Обновленное содержание опирается на новые ценности, результаты образования, новые подходы и приемы организации образовательного процесса, оценки достижений учащихся. И основным ресурсом внедрения модернизируемой модели отечественной школы является УЧИТЕЛЬ.

Современное образование предъявляет высокие требования к обновлению конкретных знаний и профессиональных компетентностей всех категорий педагогов. Сегодня Институт «Өрлеу» активно участвует в формировании кадровой политики системы образования. Сферой деятельности Института является мониторинг рынка образовательных услуг, прогноз и планирование, выполнение проектов, являющихся частью работ по внедрению приоритетных направлений развития системы образования. В завершении, Саулеш Димкешевна пожелала педагогам в новом учебном году – высоких профессиональных достижений.



### **ПИЛОТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» БОЙЫНША ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ**

2015 жылдың 29 маусымында Қарағанды облыстық Білім басқармасы пилоттық білім беру ұйымдарында «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын іске асырудың мүмкіндіктері» атты Республикалық әдістемелік семинардың ұсыныстарын іске асыру мақсатында «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын бірыңғай оқу-тәрбие процесімен интеграциялау бойынша мониторинг қорытындысы бойынша дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелге «Бөбек» ҰҒПББСО тренері – Омарова Гүлжан Амангелдиновна, «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ қызметкерлері, Қарағанды облыстық Білім басқармасы мамандары, пилоттық жобаға енген білім беру ұйымдарының директор орынбасарлары мен балабақша әдіскерлері және психологтар қатысты. Дөңгелек үстел барысында «Бөбек» ҰҒПББСО тренері – Омарова Гүлжан Амангелдиновна қатысушылардың пилоттық жобаны жүзеге асыру бойынша сұрақтарына жауап берді.

«Өрлеу» БАҰО АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ аға оқытушысы – Какенова Дидар Бериковна «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының жаңа мазмұндағы қысқамерзімді біліктілікті арттыру курстарын өткізу, білім беру ұйымдарына оқу-әдістемелік кеңестер беру бойынша мәліметпен таныстырды. Білім беру ұйымдарының директор орынбасарлары мен балабақша әдіскерлері («Бәйтерек» балабақшасы, «Мерей» балабақшасы, № 53 мектеп-лицей, № 92 гимназия және Қарағанды гуманитарлық колледжі) мониторинг нәтижесі бойынша ақпарат берді.

Дөңгелек үстел соңында 2015-2016 оқу жылына пилоттық жобаға енген білім беру ұйымдарында жүргізілетін жұмыстар жоспары белгіленді.

### **КРУГЛЫЙ СТОЛ ПО «САМОПОЗНАНИЮ» В ПИЛОТНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ**

29 июня 2015 года Управлением образования Карагандинской области проведён круглый стол по мониторингу результативности духовно-нравственного образования «Самопознание» в пилотных организациях образования с целью реализации решения Республиканского методического семинара «Возможности реализации программы духовно-нравственного образования «Самопознания» в пилотных организациях образования.

В круглом столе участвовали тренер ННПООЦ «Бөбек» Омарова Гүлжан Амангелдиновна, сотрудники ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области, специалисты Управления образования Карагандинской области, заместители директоров, методисты детских садов и психологи пилотных организации образования. В ходе круглого стола Омарова Гүлжан Амангелдиновна ответила на вопросы организаций образования по реализации проекта.

Какенова Дидар Бериковна, старший преподаватель ИПК ПР ФАО «НЦПК «Өрлеу» представила информацию о повышении квалификации педагогов области по обновленной НДО «Самопознание» и об оказании учебно-методической помощи организации образования. Заместители директоров и методисты детских садов ознакомили с результатами мониторинга (детский сад «Мерей», детский сад «Бәйтерек», гимназия № 92, школа-лицей № 53 и Карагандинский гуманитарный колледж).

В завершении круглого стола определили план работы по реализации проекта на 2015-2016 учебный год.





Н. Ш. АЛМЕТОВ

Южно-Казахстанский государственный университет  
им. М.Ауэзова, г.Шымкент  
n\_almetov@mail.ru

## КОМАНДНАЯ РАБОТА УЧИТЕЛЕЙ В УСЛОВИЯХ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Педагогтардың бір мақсатқа ұмтылуы, мектепте педагогикалық ұжымның қалыптасқандығы тиімді қызмет атқаратын командалардың болуын білдірмейді. Команда құру тек бизнес мен басқару саласының ғана емес, бүгінгі таңда педагогика теориясы мен мектеп тәжірибесінің да өзекті мәселесіне айналды. Пән мен тілді кіріктіре оқыту мұғалімдердің командалық жұмысына ыңғайлы жағдайлар жасайды. Бірақ бұл жағдайда да тиімді командалар өздігінен құралмайды, ол ұйымдастыруды қажет етеді. Осы тұрғыдан мақалада көптілді оқыту жүйесінде тиімді команда құру және мұғалімдердің командадағы жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемесі қарастырылған.

Взаимодействие педагогов в достижении образовательных целей, формирование педагогических коллективов еще не означает существование эффективно функционирующих команд учителей в школе. Создание команд сегодня одно из актуальных проблем не только бизнеса или управления, но также педагогики и школьной практики. Предметно-языковое интегрированное обучение по своему характеру, наиболее благоприятно для организации командной работы учителей. Однако требуется создание и последовательное развитие команды учителей. С этой позиции в статье раскрывается методика создания эффективной команды и организации командной работы учителей в условиях полиязычного образования.

Interaction of teachers in achievement of educational purposes, formation of pedagogical teams do not suppose the existence of effectively functioning teaching staff at school. Creation of teams represents nowadays one of actual issues not only in business or management, but also in pedagogics and school practice. The subject and language integrated teaching is favorable itself for organization of teachers' team work. Nevertheless creation and consecutive development of teachers' team is required. From this position the technique of creation of an effective team and organization of teachers' team work in conditions of polylingual education is revealed in the article.

**КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА:** полиязычное образование, команда, командообразование, интегрированное предметно-языковое обучение, учитель, командная работа учителей

Командная работа давно признана эффективной в спорте, управлении, бизнесе, но не столько в педагогике и образовании. Нужно признать, что в создании эффективных команд, организации командной работы другие отрасли человеческой деятельности давно превосходили образовательную сферу, и видимо поэтому, часто оказываются более результативно действующими, чем педагогические работники. При всей специфике образовательной отрасли и педагогической деятельности, и в этой сфере, как в спорте, управлении или бизнесе есть большие возможности повышения эффективности работы каждого работника и всего коллектива путем создания эффективно функционирующих команд.

В организации командной работы учителей в первую очередь мы сталкиваемся с противоположными мнениями руководителей и учителей школ по поводу его необходимости. Вот типичные ответы педагогов общеобразовательных школ на вопрос «Существует ли необходимость создания команд и организации командной работы учителей?»:

- «Нет, поскольку каждый учитель работает сам, сам отвечает за свои результаты, только

при необходимости будет обращаться к коллегам, взаимодействовать с ними».

- «Команды больше подходят бизнесменам и управленцам, а не педагогам».
- «Команды могут превратиться в группы, которые иногда начинают не соглашаться с мнениями руководства школы, лучше их не создавать».
- «Отвечать за результаты всех мы не можем и не будем».
- «У нас в школе создан сплоченный коллектив – это и есть команда».

Лишь малая часть педагогических работников, это в основном представители школьной администрации и учителя, проходившие уровневые курсы повышения квалификации выражают полное согласие с актуальностью командообразования в педагогической работе.

Автор статьи, который систематически проводит занятия, тренинги со слушателями курсов подготовки государственных служащих Южно-Казахстанской области, не раз убеждался в том, что даже среди управленцев местного уровня встречаются работники, считающие командную работу нецелесообразной. Продвинутые руководители коммерческих структур уделяют особое внимание организации командной работы, очень хорошо понимая, что в последнее время в корпоративном мире уже не обойтись без создания эффективных команд. Видимо поэтому они не жалеют время и средств для обучения своих сотрудников эффективной организации и работе в команде. Однако образование, как и в области информатизации или технологизации процессов, отстает от других отраслей и в аспекте организации эффективно функционирующих команд.

В первую очередь нам следует обосновать актуальность командообразования в педагогической работе. Мы считаем, что создание и функционирование эффективных команд особо важно в современных условиях организации педагогической деятельности в школе, в связи со следующими соображениями:

- каждый учитель помимо личной ответственности за результаты своей работы, которая зачастую носит индивидуальный характер, должен способствовать сплоченности и нести также личную ответственность за результаты всей школы. Например, результаты Единого Национального тестирования в большинстве школ Сайрамского района оказались низкими. По отдельности каждый учитель хорошо работает, у всех дети учились на пятерки и четверки, а общий результат почему-то оказался низким. Причина на самом деле кроется в том, что за результаты школы никто из учителей не отвечает. Оценка эффективности работы школы напрямую зависит от работы каждого учителя, и каждый учитель должен отвечать за результаты своего «участка работы»;

- командная работа учителей формирует их взаимную ответственность перед друг другом, к примеру, учитель математики несет ответственность за качество математических знаний и умений учащихся, которые являются опорными для изучения нового учебного материала по физике;

- учителя – члены команды будут постоянно взаимодействовать, совместно обсуждать, анализировать, оценивать ход и результаты педагогической работы, а это в интересах всех и каждого;

- командная работа высвобождает время, силы, энергию и средства всех его членов. Работая в команде, учителя естественно-математических предметов согласуют педагогические действия, преподносимые учебные материалы, формы организации и методы обучения, подходы к одаренным и слабоуспевающим детям. Действия будут скоординированными, что исключает однобокость, дублирование, отчаяние в случае, когда у некоторых что-то не получается;

- командная работа учителей – мощный мотиватор к продвижению инноваций, мобилизации усилий, стремления к лучшим результатам каждого педагога и команды педагогов; формируется командный дух.

- командная работа еще больше сплачивает педагогический коллектив.

Под командой подразумевают «группу из двух или более человек, взаимодействующих между собой и координирующих свою работу ради достижения общих целей» [1; 281]. Команда может быть частью коллектива, которая также представляет собой группу людей, имеющих общую социально значимую цель, занимающиеся деятельностью по достижению

этих целей, находящиеся в деловых и личных взаимоотношениях. «коллективистические отношения является ведущим фактором формирования общественной сущности личности и всестороннего развития индивидуальности» [2; 125].

Однако коллективистические отношения, до уровня которых не всегда поднимаются взаимоотношения сотрудников во всех организациях, не могут иметь такую силу как деловые и личные контакты в составе эффективно функционирующих команд. В команде с самого начала должно быть не просто следование устоявшимся традициям (коллектива), а реальная ответственность, выполнение обязательств перед другими членами команды и всей команды обязывает работника работать и быть лучше.

В отличие от коллектива команда более компактна по составу и структуре, важнейшим условием ее существования является постоянное взаимодействие и взаимная ответственность его членов. Члены одного педагогического коллектива могут быть знакомы, иметь общую цель, но не взаимодействовать и не нести ответственность друг перед другом. А в команде учителей, состоящей от 2 до 7, максимум 15 человек, все постоянно находятся в контакте, взаимодействии, поскольку обязанности (общая работа) распределяется так, что практически невозможно действовать без других партнеров по команде.

С инновациями в наши школы «вторгаются» и новые формы организации работы учителей и учащихся. Одна из них – командная работа учащихся класса во время уроков, которая сейчас становится популярной в школах. Интересно, учителя организуют командную работу учащихся, стараются убедить детей в том, что полезно работать в команде, а сами не хотят или не могут работать в команде.

Полиязычное образование открывает очень благоприятные возможности организации командной работы учителей. В последнее время не только в элитных общеобразовательных школах, но и в массовой практике школ успешно внедряются технологии и методики преподавания предметов на целевом (иностранном) языке и развития поликультурной личности.

Предметно-языковое интегрированное обучение – CLIL представляет собой такой метод обучения, при котором часть предметов преподается на изучаемых (иностранном) языках (CLIL – Content and Language Integrated Learning – аббревиатура, которая расшифровывается как предметно-языковое интегрированное обучение.). При CLIL неродной (иностранной) язык используется как инструмент при изучении неязыкового предмета, где язык наравне с предметом играет ключевую роль. Параллельное усвоение предмета и языка является конечной целью [3]. Новым в CLIL является то, что «преподаватель языковой дисциплины также является преподавателем-предметником, либо преподаватель-предметник использует возможность развить языковые навыки студентов» [4; 20].

Как и все команды, команда учителей работающих по методике CLIL, проходит все последовательные стадии развития. И здесь роль лидера команды состоит в правильном определении стадий и направлений деятельности членов команды.

Ричард Д.Дафт выделяет четыре стадии становления и развития команды:

1-ая стадия. Формирование: происходит знакомство участников друг с другом и их рабочая ориентация.

2-ая стадия. Проявляются личности членов команды, которым становятся понятнее их роли. Для этой стадии характерны разногласия. Сотрудники команды могут не соглашаться с миссией команды, иногда же занять определенные позиции. В этот период команде не хватает сплоченности и единства. Лидеру команды важно добиться того, чтобы команда благополучно прошла эту стадию развития.

3-я стадия. Нормализация. На этой стадии все конфликты оказываются разрешенными, и команда достигает гармонии и единства.

4-ая стадия. Исполнение. На этой стадии основное внимание уделяется достижению командной цели. Все действия членов команд направлены на выполнение задания [1; 284-285].

Кратко охарактеризуем опыт организации команд в школе-гимназии №1 им. Ю.Сарема г.Шымкента, где с 2003-2004 учебного года внедряется адаптированная модель полиязычного

образования. Автор данной статьи, преподаватель университета, является научным консультантом этой школы.

Командная работа учителей при использовании системного подхода CLIL организуется, прежде всего, школьной администрацией, которая принимает первоначальные организационные меры по формированию команд. Исходя из целей внедрения и специфики модели полиязычного образования, по приказу директора школы создаются группы. Созданию групп обязательно предшествует предварительная работа рабочей группы, состоящей из заместителя директора по инновационной работе, руководителей методических объединений, школьных психологов и социальных педагогов.

Команда из 7-10, максимум 15 человек, включает учителей языковых дисциплин (родного, государственного (казахского), русского, иностранного языков), учителей неязыковых предметов естественно-математического и гуманитарного профиля, классного руководителя, школьного психолога и одного из членов родительского комитета. Лидерами команд выступают наиболее опытные учителя – это руководители методических объединений или опытные учителя-экспериментаторы с организаторскими способностями. Лидеры команд проходят предварительные консультации по методике создания команд. Желательно организовать семинар-тренинг по командообразованию. Все члены коллектива, объединенные в команды, обязательно проходят трехдневные семинары тренинги по использованию системного подхода CLIL и командообразованию.

В таблице 1 раскрывается содержание и характер командной работы учителей при использовании системного подхода CLIL.

**Таблица 1 – Командная работа учителей при использовании системного подхода CLIL.**

Действия учителя неязыкового предмета в команде	Действия учителя языкового предмета в команде
Изучает содержание программы по казахскому и русскому языку, определяет «точки соприкосновения» (лексика, формируемые речевые навыки, навыки письма и др., которые служат опорой для изучения содержания предмета на L2).	Изучает содержание программы по (точному) учебному предмету на L2. Определяет опорные языковые знания и коммуникативные компетенции.
<b>Совместные действия:</b> Совместно планируют уроки: 1) согласуют цели изучения предмета и языка; 2) выделяют термины, которые изучаются/используются в обоих предметах; 3) определяют обороты речи (наиболее употребляемые словосочетания, т.е. клише); 4) согласуют характер межпредметных связей (предварительные, сопутствующие, последующие связи); 5) согласуют сроки совместного действия.	
Помогает учителю языка усилить функциональную направленность содержания изучаемого (языкового) материала: составить предложения, тексты и др., ориентированные на изучение точных наук на L2.	Консультирует учителя-предметника (неязыковой дисциплины) о методах и приемах преподавания и изучения языка.
Преподает предмет на L2. Организует и направляет внеурочную самостоятельную работу учащихся, педагогическую поддержку родителей.	Преподает язык с ориентацией на CLIL. Создает «языковой душ». Оказывает содействие учителю-предметнику в создании языковой среды.
<b>Совместные действия:</b> бинарные уроки по предмету или казахскому/русскому языку. Совместная организация внеурочных мероприятий, консультаций для учащихся и родителей по организации обучения и изучения предмета и языка.	
Взаимно информируют друг друга о ходе и промежуточных результатах изучения языка и предмета на этом языке. Вносят корректирующие действия.	
Совместно анализируют результаты работы. Планируют совместные действия по продвижению CLIL на предстоящий период.	

Как видно из таблицы, взаимодействие учителей в команде предполагает действия, направленные на изучение характера работы партнера-учителя, ориентацию своей деятельности на цели и задачи других членов команды, что требует совместного планирования и координации действий. Учителя реально будут взаимодействовать в рамках командной работы, а не просто составлять план межпредметных связей. Каждый учитель в рамках использования CLIL опосредованно или непосредственно будет участвовать в процессе работы партнера по команде и оказывать практическое содействие достижению целей преподавания предмета на изучаемом языке и усвоения языка учащимися.

Школьные психологи составляют и согласуют с другими партнерами план психолого-педагогического сопровождения учебно-воспитательного процесса по методике CLIL.

Классный руководитель направляет свои действия на командные цели, активно вовлекая родителей учащихся в поддержку процесса интегрированного обучения языку и предмету.

В школе должна функционировать группа мониторинга результативности использования подхода CLIL. Члены команды будут вместе обсуждать проблемы и планировать дальнейшие действия. Возникшие проблемы по внедрению инновации могут пойти только на пользу его продвижения, когда учителя думают и действуют вместе.

Задачи лидеров групп состоят в:

- постоянном понимании, чутком осознании процесса становления и развития команды педагогов;

- умелом менеджменте командообразования, ускорении начальных стадий формирования команд;

- организации общения его членов, усилении сплоченности команд;

- определении совместно с членами команды норм и правил взаимодействия, контроле за их соблюдением, формировании ценностей команды.

- концентрации внимания на повышение эффективности работы.

Таким образом, использование подхода CLIL естественным образом стимулирует командную работу учителей, которая может существенно повысить результативность личной, командной и коллективной педагогической работы, сформировать командный дух и сплоченность всего коллектива школы.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Дафт Р.Л. Уроки лидерства /пер. с английского А.В. Козлова: под ред. проф. И.В. Андреевой. – М.: Эксмо, 2008. – 480 с.

2. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций: учеб. пособие. – М.: Прометей, Юрайт, 1998. – 464 с.

3. Marsh. D. CLIL/EMILE–The European Dimension: Actions, Trends and Foresight Potential. – Strasbourg, European Commission, 2002. –370 p.

4. Разработка инновационных научно-методических технологий языковой подготовки специалистов в технических вузах (промежуточный) / Отчет о НИР. Рук. темы Д.Д. Джантасова. – Караганды, КарГТУ, 2012.





### ОҚУ ЖОБАЛАРЫНАН – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ЖЕТІЛДІРУГЕ ДЕЙІН

Біліктілік арттыру курстарындағы педагогтарды оқыту тиімділігі көрсеткіштерінің бірі ретінде, білім беру ұйымдарында курстан кейін табысты жүзеге асатын, практикалық бағдарланған жобаларды әзірлеу сапасы болып табылады.

Бірінші жартыжылдықта «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚБА институтымен 49 қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары өткізілген. Тыңдаушылармен 488 жобалар әзірленіп, олардың 126 жобасы «өте жақсы» деп бағаланды. Жобалау іс-әрекетінің орташа балы – 4,67 құрады.

Жобалардың ішінде жаңашылдығымен, мазмұндылығымен және сауаттылығымен орындалуда ерекшеленген келесі тақырып бойынша география пәні мұғалімдерінің жобалары атап көрсетілді:

«География сабағы ойын іс-әрекеті түрінде өткізіледі». «PISA халықаралық зерттеулеріне оқушыларды дайындау кезінде интеллектуалды ойындарды қолдану» (курс үйлестірушісі Саттибаева Р.М.).

Практиканың өзекті мәселелеріне жауап беретін жобалар: «Инклюзивті білім беру жағдайы ретінде ата – аналармен жұмыс» (курс үйлестірушісі Майбасова У.А.) және «Портфолио білім беру нәтижелерін бағалаудың жаңа жүйесі ретінде» (курс үйлестірушісі Сыздықова А.И.).

Білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау рөлін күшейту жағдайында «Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік білім беру бағдарламалары бойынша педагогикалық тәжірибені жаңарту үшін айрықша маңыздырақ болады (курс үйлестірушілері Кантарбаева Ж.Е., Какенова Д.Б.):

Жобалар идеясы, курс дайындығы кезінде оқытылған озық тәжірибеде, инновациялық теориялық қағидада, тұжырымдамада, ғылыми-әдістемелік ұсынымдарда ереже ретінде негізделді.

### ОТ УЧЕБНЫХ ПРОЕКТОВ – К СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Одним из показателей эффективности обучения педагогов на курсах повышения квалификации является качество разработки практико ориентированных проектов, которые успешно реализуются в послекурсовой период в организациях образования.

Филиалом АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области в первом полугодии проведены 49 краткосрочных курсов повышения квалификации. Слушателями разработаны 488 проектов, из которых 126 проектов оценены на «отлично». Средний балл проектной деятельности составил – 4,67 баллов.

Среди проектов, отличающихся инновационностью, содержательностью и грамотностью выполнения выделен проект учителей географии по теме: «Игра как вид деятельности на уроке географии. Использование интеллектуальных игр в подготовке учащихся к международному исследованию PISA» (координатор Саттибаева Р.М.).

Отвечают на актуальные вопросы практики проекты: «Инклюзивті білім беру жағдайы ретінде ата – аналармен жұмыс» (координатор Майбасова У.А.), «Портфолио как новая система оценки образовательных результатов» (координатор Сыздықовой А.И.).

Идеи проектов, как правило, базировались на передовом опыте, инновационных теоретических положениях, концепциях, научно-методических рекомендациях, изучаемых в период курсовой подготовки.

Қ.АБДЫҚАЛЫҚОВ<sup>1</sup>, А.Ж.МЫРЗАХМЕТОВА<sup>2</sup>

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы  
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің  
біліктілігін арттыру институты, Қарағанды қ.  
abdikalykov.k@orleu-edu.kz<sup>1</sup>, asselm-80@mail.ru<sup>2</sup>

## КӨПМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҚСАТЫ - ТОЛЕРАНТТЫ ОҚУШЫ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Дәліге ешқашан екі бірдей пікір болған емес...  
Сондықтан да ертілуілік ең тиісін, әлбетте  
санамықтың көрсеткіші саналады.  
Монтен*

Мақалада жалпы орта білім беретін мектептің оқушыға көпмәдениетті салт-сананы қалыптастыру, толеранттылықты дамыту және мәдени плюрализмді құрметтету мүмкіндігі көрсетілген. Сондай-ақ заманауи көпмәдениетті мұғалімнің тұлғалық-кәсіби шеберлігін жетілдіретін бейімділіктер тізбесі берілген. Автор оқуды ынталандыратын күшті сыртқы мотив ретінде мұғалімнің оқушыдан күтетін жетістігін атаған. Толерантты оқушы тұлғасын қалыптастыруда сыни тұрғыдан, рефлексивті ойлауға үйретудің тиімділігі дәлелденген. Мұғалімдердің көпмәдениетті санасын дамыту үшін арнайы бағдарлама дайындаудың қажеттілігі негізделген.

В настоящей статье указаны возможности средней школы в формировании поликультурного менталитета, развития толерантности и уважения культурного плюрализма среди учащихся общеобразовательных организаций. Также в работе приведены ряд умений, необходимых для совершенствования личностно-профессионального мастерства современного поликультурного учителя. Автором определен внешний мотив стимулирования учебы ученика в виде высокого уровня ожиданий успехов учителями. Доказана эффективность обучения критическому и рефлексивному мышлению в формировании толерантного ученика. Обоснована необходимость разработки специальной программы, направленной на развитие поликультурности современных учителей школы.

This article covers features high school in shaping the multicultural mentality, the development of tolerance and respect for cultural pluralism among pupils in general-education institutions. In a number of skills are necessary to improve student-professional skills of contemporary multicultural teacher. Author defined external motive of stimulating study learner as a high level of expectations of success teachers. Proven effective learning critical and reflective thinking in forming tolerant student. In addition, the conclusion of the article the necessity of establishing a special programme aimed at the development of multicultural contemporary teachers of the school..

**ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР:** көпмәдениетті білім беру, толеранттылық және мәдени плюрализм, мұғалімнің тұлғалық-кәсіби шеберлігі, мұғалімнің оқушыдан күтер оқу жетістігі, сыни тұрғыдан және рефлексивті ойлау, толерантты оқушының оқу стилі, мұғалімдердің көпмәдениетті санасын дамыту бағдарламасы

Заманауи педагогикада қолданылатын «көпмәдениет», «полимәдениет», «мультимәдениет» терминдері өзара синоним болып саналады, себебі бұл сөздердің алғашқы бөлігі тек шығу тектері қазақ, грек, латын болуымен ерекшеленеді. Сөздің екінші

бөлігіндегі «мәдениет» сөзін баспасөзде «этникалық» сөзімен алмастыру жиі кездесуде, соңғысы мәдениеттің аса маңызды құраушысы, сондықтан олар тең ұғымды бермейді.

Көпмәдениетті білім берудің эпистемологиялық негізіне білімнің әлеуметтік тегі, адамдардың саяси, экономикалық, күнделікті тұрмыстық, мәдени және басқа да түсініктерді субъективті жасақтауы, сол себепті олардың көпшілігі қос мағыналы, көмескі, көбінесе конъюнктуралық-саяси сипатталатындығы жәйлі философиялық қағида жатады. Мысалға, тарихта кейбір ұғымдардың әр мағынада беріліп келгені оны қолданған адамдардың критерийлері субъективті және көпмәнді болғандығынан. Бұл мұғалімнің өзінің ескі ұғымдарын уақыт сынына қатысты қайта қарауына, оны оқушыға үйретерде жауапкершілікті арттыруға және олардың бұрынғы білімдеріне күмәнмен қарау қабілеттерін дамытуына қажет. Ұғымдардың қалай қалыптасатынын, қабылданатынын және қолданылатынын сезінудің ең жоғарғы нәтижесі – оқушылардың мәдени өзгешелікті тереңірек түсіне білуін дамытатындығында. Әбден сіңісіп, бекіп қалған қағидашылдық мәдени көптүрліліктің қалыптасуын тежейді, сондықтан оқушыны бірден көпмәдениетті ету мүмкін емес. Демократия – мәдени плюрализмді сақтаудың кепілі болса, көпмәдениетті білім беру қоғам мүшелерінің демократиялық бастамаларын дамытып, бекіте түседі [1].

Көпмәдениетті білім беру іргелі әдістемелік қағидаға негізделген, ол барлық адамдардың, әркімнің өмір стилі сияқты, ділі, дәстүрі, акценті, диалектісі, киімі, шаш қойысы, ас мәзірі, мінез-құлқы ережесі, әдеби мұрасы, рәмізі, тегі-жынысы және тәндік сипаттамалары, қарым-қатынасы, адамгершілік және эстетикалық құндылықтары, білімі, еңбек дағдысы, сенімі сияқты мәдениеті болатындығын, бірақ ол мәдениеттің әртүрлі екендігін білдіреді. Мәселе оның жақсы-жамандығында, жоғары-төмендігінде, толықтығы мен жартыкештігінде, дамыған-дамымағандығында, өркениетті-жабайылығында емес, өзіндік артықшылығы мен кемшілігі, оңы мен терісі, күшті және әлсіз жақтары болатын, басқа ешкімге ұқсамайтын өзгешелігінде.

Көпмәдениетті білім беру әрбір мұғалімнің жеке тұлғалық-кәсіби шеберлігінен басталады. Бұл оның демократияны, теңдікті, әділдікті қалай түсінетіндігіне, өзінің жеке басын қалай бағалайтындығына, оның оқушымен адами қарым-қатынасына, барлық оқушылардың оқуда және әлеуметтік дамуда қандай жетістікке жететіндігіне деген сеніміне, мұғалім мен оқушының мәдени тұрғыдан қаншалықты біртектілігіне (ұқсастығы, өзгешелігі, араларындағы қарама-қайшылық пен үйлесімділік деңгейіне), басқа мұғалімдермен өзара және әкімшілікпен қарым-қатынасына, олардың мектепте толерантты жағымды хал-ахуал жасақтай алу қабілеттеріне және т.б. көптеген жағдайларға тікелей байланысты. Мұғалім әрбір оқушының көптеген мәдениеттердің сапырылыса араласып, бітісе қайнауы әсерінен қалыптасқан ерекше тұлға екендігін білуі керек. Оқушы тарапынан мұғалімге силамаушылық сияқты болып көрінетін, мінез-құлқындағы кейбір «қисынсыз» әрекеттері шынтуайтында оның өзіндік мәдениетінің ерекшелігі болуы мүмкін, сондықтан әрбір жекелеген жағдаятты талдап, болған оқиғаның себебін оның мәдениеті тұрғысынан бағалаған жөн [2].

Көпмәдениетті мұғалім өзінде үнемі жетілдіріп отыруға тиісті бейімділіктер:

- жеккөрушілік, күш көрсету психологиясын, стереотиптердің жасақталу механизмін зерделеу;

- оқушылардың көпмәдениеттілік ерекшелігін түсіну және қабылдау;

- сыныптағы мәдени хал-ахуалды мәдени өзгешелікке төзудің деңгейін анықтау мақсатында зерделеу;

- сыныпта мәдени өзгешелікке төзу, түсініп қабылдау, құрметтеу және бекіту жәй-күйін туғызу;

- кемсіту, жеккөру және басқа да зорлық-зомбылықтар тек ата-анамен, әлеуметтік қызмет маманымен және қауымдастықпен өзара бірлесе жүргізілген үйлесімді іс-әрекетте ғана табысты шешілетіндігін түсіну;

- өзінің мәдени қате түсініктерін және стереотиптерін талдау және одан арылу;

- сыни тұрғыдан және рефлексивті ойлау;

- дау-дамайды шығармашылықпен, күш қолданбай шеше білу және оны оқушыларға үйрету;

- оқушыларға өзінің мәдени ерекшелігін анықтауға көмектесу [3].

Мұғалім өзінің көпмәдениеттілігін дамыту үшін оған педагогика, этнология, саясат, антропология, психология, жанжалтану (конфликтология), әлеуметтану және философия саласына қатысты білім мен бейімділік қажет.

Көпмәдениетті мұғалім мектепті оқушылармен бірлесе басқаруды сайлау, референдум, диалог, ақыл-кеңес, талқылау арқылы шешеді. Педагогқа өзінің мәдени құндылықтарын басқаларға міндеттеп күштеуге болмайды. Көпмәдениетті мұғалім барлық оқушылардың дау-дамайды күш қолданбай бейбіт жолмен шеше білуін дамытуға, еліміздің қазіргі күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы барлық қиындықтарға түсіністікпен қарауға көмектеседі. Мұғалім сабақта оқушымен жеке жұмысты оның ана тілінде ұйымдастырса жақсы нәтижелерге жетуі мүмкін.

Мұғалім оқулықтың авторлардың көзқарасын білдірумен шектелетіндігіне орай басқа да дереккөздерден қосымша ақпарат алуға тырысқаны жөн. Тек оқулықпен ғана жұмыс жасайтын мұғалімдер оның мазмұнын сын тұрғысынан талдаса, оқушылар оқу материалына күдікпен қараса, ондағы мәдени теңсіздікті көре білсе, онда стереотип пен қате түсінік дер кезінде айқындалады.

Мұғалім мектепте оқушыдан үлкен нәтиже күтеді және оның бұл үмітінің көпмәдениеттілікке тікелей қатысы бар. Оқушылар көп жағдайда өзіне үлгі санайтын мұғалімнің айтқанынан шықпай, үмітін ақтауға тырысады. Тек кей жағдайда ғана намысына тиген мұғалімге ерегісе жақсы оқитындар да табылып жатады. Оқушыға білім алуда табандылық пен қажырлылық таныту үшін өте күшті сыртқы мотив әсер етуі керек. Мұндай мотивке мұғалімнің оқушыдан күтетін жетістігін жатқызуға болады. Бұл мұғалім тарапынан оқушының өзіне, кейде ата-анасына қатысты жасалатын вербальды немесе вербальды емес қарым-қатынастан көрініс береді.

Зерттеулердің көрсетуі бойынша мұғалім оқушының білім алуға деген қабілетіне күмәнданса, онда өзі де онша дайындалмайды, сабақта және сабақтан тыс уақытта тиімді екіжақты кері байланыс орнатпайды, қосымша әдебиеттер ұсынбайды, оларға қарапайым сұрақ қояды, жоғары деңгейдегі ақыл-ой дағдыларын - талдау, жүйелеу, бағалауды талап ететін шығармашылық жұмыстарды ұсынбайды. Осылайша мұғалім оқушыдан төмен нәтиже күтіп, ақыры соған қол жеткізеді. Американдық ғалымдары Розенталь мен Джекобсон 1968 жылы осыған кері тәжірибе жасап, орташа оқитын балаларды басқа мұғалімге білім алуға құмар балалар ретінде сипаттайды. Нәтижесінде бұлар қатты күш сала оқытқан ұстаздардың күткеніндей оқу жылы ішінде оқу екпінділерінен де озып кетеді. Әрине, осыдан оқушының сабаққа шабыттаныуын тек мұғалімнің үлкен үмітімен ғана байланыстыруға болмайды. Өйткені оның бұлайша шабыттаныуына отбасы, қоғам (ондағы басым мәдениет), сондай-ақ оның жетілу және жауапкершілік деңгейі әсер етеді. Дегенмен мұғалім әрқашан өзінің не нәрсеге үміттенетінін талдап отырғаны жөн, бұл оқушының қандай болуы керектігіне (өзіне ұқсайтын етіп) қатысты стереотипті айқындау үшін қажет.

Көпмәдениетті мұғалім өзінің күтетін нәтижесіне әсер ететін факторлардың көптігін сезінуге тиісті: барлық оқушылардан олардың этникалық, жыныстық, нәсілдік, таптық, тәндік, ақыл-ой, діни және т.б. да өзгешеліктеріне қарамастан сәйкесінше лайықты деңгей талап етіледі. Мұғалімнің оқушыға қатысты стереотиптік үмітінің мысалы ретінде оларды «шапшаң ойлағыш» және «шабан ойлағыш» деп бөлетіндігін айтуға болады. Мұғалімдер көбінесе жылдам жауап беретіндермен ғана жұмыс істегенді ұнатады, сол себепті барлық мадақ та соларға бұйырады.

Оқушының оқу стилі – оқушының өз қалауымен таңдаған, жанына жақын білім алу тәсілі. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, адамдардың психологиялық ерекшелігіне орай оларда әртүрлі мөлшерде төрт стиль: абстрактілі-бірізді, абстрактілі-шашыраңқы, нақты-бірізді, нақты – шашыраңқы сипатта көрініс береді екен. Осындай жіктемені енгізген американдық зерттеуші А.Грегорканың теориясы бойынша әрбір стильдің өзіне тән табиғаты мен мазмұндық сипаттамасы болады. Ендеше, сыныптағы барлық оқушылар тек өзіне ғана сәйкесетін әдіспен берілген материалды табысты меңгеруге тиісті [4].

Оқудың стилі сондай-ақ мәдени, әсіресе этникалық көріністермен тығыз байланысты. Өкінішке орай барлық балалар бірдей, сондықтан да олар бірдей оқуға тиісті дейтін стереотипті



ұстансақ, онда әзірге әртүрлі ұлт өкілдерінің қалай оқығысы келетіндігі ешкімді қызықтырған емес. Кейбір зерттеулер баланы үйде анасы тәрбиелесе, онда әсіресе бастауыш сыныпта оның оқу стилі, барлық сөзі мен ісі анасының көзқарасы мен құндылықтарына сай келетіндігін көрсетеді. Көп жағдайда әр ұлттың өзіндік ерекшелігіне сай кейбір оқушылар ақпаратты сөзбен, ал басқасы көрнекілікпен, енді бірі нақты практикалық сипатта ынтамен қабылдайды екен. Табиғат аясында және онымен байланыстырылған материалды зерделеуде жақсы жетістікке жететін этнос өкілдері де бар. Тіл қатысудағы тұйықтығына, сондай-ақ ойланып барып асықпай жауап беретін этникалық ерекшеліктегі баланы «дымбілмес» атауға әсте болмайды. Тек жекеше немесе топпен оқытқанда ғана бар ниетімен білім алуға бейімделгендер де ерекшелігін көрсетті.

Әрине әрбір оқушының жеке оқу стилін танып-білу және оны ескеру оңай еместігі белгілі, дегенмен оған тырысу керек. Мұғалім көпмәдениетті білім берудің мақсатына жету үшін барлық оқушыларды сыни көзбен талдай білуге, сындарлы қорытынды жасауға үйретсе, онда олар әлеуметтік-экономикалық, мәдени және өзінің жеке басына қатысты мәселелерді демократиялық жолмен шеше алатын болады. Ақпараттың дұрыстығын дерек пен дәйекке қатысты анықтап пікір білдіру мен қорытынды жасауға дағдыландыру, басқаның пікірін тыңдай білу, аңдамай сөйлеуден аулақ болу, ақиқат шындықты іздеуде қара басының пайдасы жағына бұрмау мұғалімнің қажырлықпен, талмай көп еңбектенуін талап етеді. Нақтырақ айтсақ, оқушыларды естіген, көрген, оқығанның барлығына көзсіз сене беруге болмайтындығына үйрету керек. Сын тұрғысынан ойлау – бұл кейбір адамдардың шатасып түсінгеніндей әсте сынап-мінеу емес. Сыни тұрғыдан ойлау – адамның зияткерлік іс-әрекеті тәсілінің бірі, ол мына бейімділіктермен сипатталады:

- бұрыс тұжырымға жетелейтін жаңылыс стереотиптерді анықтау;
- субъективті қарым-қатынасты, пікір-көзқарасты және тұжырымды айқындау;
- тексерілуі керек деректі жеке пікірден және жорамалдан айыра білу;
- ауызша сөз және жазбаша мәтіннің логикалық бірізділігіне күмән келтіру;
- күрделі мәселенің мәнін және оны шығармашылықпен шешудің баламалы жолдарын анықтау;
- сөз бен мәтіндегі маңызды-мағыналыны аса мәнді емес елеусізден айыра білу және оған баса назар аударып, ерекше көңіл бөлу;
- көңіл-күйді дақ түсіре жаралайтын, дау-дамай туғызатын, «отқа май құятын» сөздерді айқындау;
- шектен тыс жалпылама сөз, әрқилы жорамал кейде дұрыс болмайтынын және стереотиптерді жасақтауға жетелеуі мүмкін екендігін түсіну;
- «барлығы», «ешкім», «әрқашан», «үнемі» дейтін сөздер мен «Қазақтардың барлығы етқұмар», «Жастар қарияларды силамайды» және осыған ұқсас жалпылама сөздер бұрыс ұғымға жетелейтіндігін түсіну, оның орнына «кейбірі», «кейде», «анда-санда», «көбінесе» сөздерін қолдану;
- кез келген сөйлемде немесе айтылған сөзде үгіт-насихаттың болатындығын мойындау керек;
- мәтіннің немесе сөздің біреудің қызығушылығын, идеялық ұстанымын білдіретіндігіне қорытынды жасай білу;
- өзіндік тұжырымдауда шектен шыққан нақтылық танытпау;
- өзіндік талқылау жасап, ұйғарымға келуде әділ бола білу [5].

Сын тұрғысынан ойлауға үйретілген оқушылар ақпаратты нақтырақ өңдеуге дағдыланып, кез келген мәдени құбылыс, тарихи оқиға, саяси көшбасшы және олардың жолдамалары туралы салиқалы пікір білдіріп, басқа мәдениет өкілі жәйлі саналы қорытынды жасайды. Бұл диалектикалық, диалогтық, баламалы, рефлексивті және т.б. ойлау түрлеріне жетелейді. Рефлексивті ойлау оқушының болашақта ойлы сөзден жаңылыспауына, қате әрекет жасамауына, бағалауда шатаспауына септігі тиеді. Мұғалім өзінің әрбір сөзі мен іс-әрекетін жан-жақты талдайды, «ешкімнің жүрегін жаралаған жоқпын ба, нені алдын ала көре білмедім, басқаша әрекет жасағанда дұрысырақ болар ма еді» дейтіндей ой толғауда жүреді, өткенін жаңа құндылықтағы бағдармен бағалап, болашақта мұндай кемшіліктерді болдырмауға

тырысады.

Кез келген көзқарасқа демократиялық плюрализм ұстанымы тұрғысынан қарайтын қазіргі заманда кейбір бұқаралық ақпарат құралдарының басқа мәдени топтарға қатысты өшпенділік туғызатын ақпараттар таратуы ешбір сын көтермейді. Оқушылардың қоғамда кездесетін осындай келеңсіз жәйттарға сын тұрғысынан қарап, бейбіт өмірге сына қағатын мұндай сөз бен әрекеттің кімнің қандай ниетте қолданатындығын түсінгені жөн. Мұндай әрекет көбінесе қоғамдағы барлық адамдардың пікірін білдірмейді, тіпті белгілі мәдени топтың көзқарасын да емес, жекелеген адамдардың құйтырқы ойынан туған болып жатады. Оқушылар арасындағы мәдени түсінбеушіліктерді шешу үшін мұғалім конфликтологияны жетік білуі керек.

Демократиялық қағиданы берік ұстанған көпмәдениетті мұғалім өзінің ақыл-кеңесін баланың еркіне сай қолданады. Мұғалімнің барлық оқушылармен оң қарым-қатынас орнатуы мектепте жағымды хал-ахуал орнатуға жетелейді, бұл балалардың жеке тұлға ретінде, әрі әлеуметтік тұрғыдан дамуына қажет. Мұғалім бұларға оңай қол жеткізу үшін мынадай қағидаларды ұстануы керек:

1.Тіл қатысуда оқушының жеке басына емес, оның іс-қимылына, әрекетіне немесе идеясына баса көңіл бөлуі қажет. Мысалға, «Сен қателесесің» дегеннің орнына «Мен сенің бұл идеяңа келісе қоймаймын» деген дұрысырақ.

2.Сөйлесу барысында назарды тек бүгінгі мен болашаққа аударған жөн, өйткені оқушыға бұрынғы кемшілікті еске сала беру оның ашуын туғызатыны сөзсіз.

3.Оқушының сөзі мен іс-әрекетіне дәл, әрі нақты кері байланыс жасау оң қарым-қатынасты бекітеді. Әуелі не істеу керектігін айтып, сосын оның іс-әрекетіне баға беріңіз.

4.Оқу нормасын сақтамаған оқушы мінез-құлқының келемеждеуден, сырттан ат қоюдан түзелуі өте сирек кездеседі.

5.Мадақтау мен қолдау көрсету оқушының өзін-өзі оң қырынан тануына септігін тигізеді. Сынау, мектепті тастап кетуге, ережелерге қасақана кері іс-әрекет етуге себепші болып жатады.

Көпмәдениетті білім беруді неғұрлым ерте жастан бастаған жөн, өйткені балалар әр нәрсенің өзгеше екендігін біліп өседі. Барлық нәрселер бірдей болса, өмірдің өзі көңілсіз болатындығына балалардың көзі жетуге тиісті. Жоғары сынып оқушылары үшін бұл ұтымдылыққа негізделгендіктен басқа деңгейде танылады. Мысалға рөлдік ойын барысында қалыптасатын көңіл-күйлік, сезімдік тәжірибе меңгерілген білімнің сенімге жылдам айналуына септігін тигізеді. Оқушыларды әркімнің басқалардан өзгешелігін құрметтеуге үйрету арқылы Отанымызға қатысты ортақ ұқсастыққа тәрбиелеуге мүмкіндік аламыз. Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қазақ тілін еліміздегі барлық ұлттарды бірлікке ұйыстырушы фактор ретінде ұсынуы көрегендік саясат екендігін айта кетейік.

Елімізде болып жатқан қазіргі ғаламдық өзгерістер мұғалімдердің бұрын қалыптасып қалған көзарастары мен тәжірибелерін заман талабына сай қайта қарауды талап етеді. Көпмәдениетті мұғалім мектепте толерантты хал-ахуалды жасақтаудың қаншалықты маңыздылығын сезінеді, себебі шын ниетті түсіністік пен силасу болмаған жерде басқаның ерекшелігі мен кез келген жетістігі көзге түрткі болып, топқа бөлінуге себеп болады, ақыры дау-жанжалға әкеледі. Мұндай жағдайға тап болған оқушылар өзінің ренішін іште бүгіп кешіруге, сабырлық танытуға қабілетсіз. Дау-дамайды шығармашылықпен шешудің дағдысы қалыптаспағандықтан олар барлық демократиялық құқықтардың дұрыс сақталуына кепіл бола алмайды.

